На нынешнем этапе аграрный сектор Казахстана характеризуется мелкотоварным производством. Около 47% сельхозпредприятий имеют очень мелкие размеры пашни – в пределах 161 га, 44,8 – в пределах до 2000 га и только в 7.8% предприятий – до 18580 га. На долю последних приходится более 54% от площади пашни всех сельхозпредприятий, или 33% от всей пашни в республике. В крестьянских хозяйствах около 80% имеют площадь пашни 8 га и только 2,7% – в среднем 936 га [см. 6]. Это ведет к снижению эффективности производства сельскохозяйственной продукции. Явно проявляется дезинтеграционная тенденция: валовая продукция сельского хозяйства государств более чем на 50% формируется личными подсобными хозяйствами, а доля крупных сельхозпредприятий ограничивается 20% в РК и менее половины в РФ. Вызывает серьезные опасения отсутствие даже тенденции к увеличению доли сельхозпредприятий в продукции сельского хозяйства как более эффективной формы ведения сельскохозяйственного производства.

Наиболее значимую роль в развитии эффективной экономической интеграции играют крупные сельхозпредприятия и агрохолдинги, но сегодняшняя структура АПК обеих стран не отвечает этим требованиям, что в значительной мере замедляет данный процесс.

На состояние межгосударственной интеграции в АПК значительное влияние оказывают размер и структура выделяемых государством субсидий и дотаций. В последние годы прослеживается тенденция роста масштаба государственного финансирования АПК в странах ЕАЭС, но отсутствуют специальные программы и мероприятия, финансируемые в рамках дальнейшего развития интеграции АПК [8].

В РФ в абсолютном выражении господдержка растет, и по результатам 2016 г. составляет 3,7-3,8% от всей валовой продукции сельского хозяйства. Казахстан ежегодно увеличивает финансирование

различных программ поддержки сельского хозяйства и АПК. По сравнению с 2001 г., в абсолютном выражении объем господдержки увеличился в 18 раз, но ее удельный вес ежегодно составлял не более 3,5% от стоимости продукции сельского хозяйства [9].

В РК и РФ отсутствуют специальные программы по стимулированию интеграционных процессов в АПК. Исследование возможностей интеграции стран показывает, что абсолютно все развитые страны мира используют аграрный протекционизм для защиты своих рынков. На Евросоюз, США и Японию приходится до 90% субсидий всех участников ВТО. Уровень господдержки составляет 35-40% от стоимости продукции. АПК РФ и РК, с точки зрения структуры и объемов господдержки, развиваются по сходному сценарию. Данная модель не отвечает современным тенденциям мирового рынка продовольствия. Существующая модель господдержки не стимулирует взаимную интеграцию АПК рассматриваемых стран с целью укрепления и наращивания совместного экономического потенциала.

Развитие АПК на инновационной основе и совместное влияние на мировой продовольственный рынок, невозможны без финансирования фундаментальных и прикладных научных исследований в области биотехнологии, селекции, племенного дела, агротехнологии. Нерешенность этого вопроса имеет место в РК и РФ. Несмотря на это, интеграция в АПК России и Казахстана является актуальной и вполне реальной. В экономической жизни она развивается эволюционным путем. Данный процесс необходимо вывести на качественно новый этап развития: точнее определить его вектор, создать благоприятные условия для этого этапа интеграции в АПК усилиями данных государств. Отмеченная негативная ситуация в развитии агропромышленной интеграции между Россией и Казахстаном и заметное замедление интеграционных процессов обусловлены сложностью выбора стратегии такого развития. Задача усложняется происходящими в мире, в России и Казахстане в частности, серьезными экономическими и политическими изменениями, в том числе последовательно разразившимися глобальным продовольственным и мировым финансовым кризисами.

Одной из наиболее значимых проблем, способных оказать влияние на изменение государственных подходов к



ства могут внести весьма существенные коррективы в оптимистические прогнозы.

Развитие АПК в современных условиях предполагает формирование тесных производственно-экономических взаимосвязей между предприятиями сельского хозяйства и промышленности. Интеграционные процессы в аграрной сфере РК и РФ являются объективно необходимыми и экономически целесообразными. Тенденции и отличительные особенности развития агропромышленной интеграции характеризуются формированием объединений на основе принципа кооперации, развитием агрохолдинговых объединений, интенсивным развитием интеграционных процессов в приграничных зонах двух государств. Вне зависимости от условий и сроков вступления в ВТО, странам ТС необходимо осуществлять меры, обеспечивающие системную модернизацию и конкурентоспособность продукции агропродовольственного сектора, развитие социальной, рыночной инфраструктуры села.

**Выводы.** Значительный производственный и экспортный потенциал стран ЕАЭС пока используется не в полной мере в силу сохранения в сельском хозяйстве мелкотоварного производства, не стимулирующего интеграционные процессы.

Унификация внешнеэкономической специализации стран по укрупненным товарным группам и влияние санкций позволяет отнести проблему диверсификации производства в АПК Казахстана к одной из первоочередных.

На состояние межгосударственной интеграции в АПК значительное влияние оказывают размер и структура выделяемых государством субсидий и дотаций, но практикуемые в РК и РФ модели субсидирования пока не доказали свою эффективность.

Назрела необходимость в разработке специальных программ, финансируемых в рамках дальнейшего развития интеграции АПК стран ЕАЭС. Эффективное использование преимуществ международного разделения труда и расширение масштабов аграрного рынка возможны при условии углубления национальной и региональной специализации в рамках межгосударственной интеграции стран ЕАЭС.

### Список литературы

1 Молдашев А.Б., Никитина Г.А. Межгосударственное сотрудничество в сфере АПК стран ЕАЭС и Центральной Азии // Проблемы агрорынка. - 2015.-№ 2.- С. - 5-7.

2 Молдашев А.Б. Проблемы аграрного сектора Казахстана в условиях межгосударственной интеграции //Новая эра. -2015.-№4(10).- С. 8-9.

3 Лухманова Г.К., Абдықалық С.Е. Қазақстандағы соя өндірісінің заманауи ахуалы және перспективті аграрлық өнім ретіндегі дамуы //Проблемы агрорынка.- 2017.-№ 4.-107с.

4 Григорук В.В., Климов Е.В. Развитие органического сельского хозяйства в мире и Казахстане. - Анкара: Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединенных Наций, 2016. - С. 56-58.

5 Калиев Г.А. Аграрная политика Казахстана в условиях межгосударственной интеграции // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. - 2013. - №12. - С.7-8.

6 Экспорт отдельных товаров по странам ЕАЭС // Бюллетень. О внешней торговле и взаимной торговле товарами с государствами-членами Евразийского экономического союза за январь-декабрь 2017 года : сайт Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК [Электронный ресурс]. - 2018.- URL: [http://stat.gov.kz/faces/wcnav\\_externalld/homeNumbersCrossTrade?language=ru](http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalld/homeNumbersCrossTrade?language=ru) (дата обращения: 18.04.2018).

7 Садуақасова К.Ж. Развитие интеграционных процессов в аграрной сфере экономики Республики Казахстан. - Астана: Казахзерно, 2014. - 20 с.

8 Сулейменов Ж.Ж. Управление аграрным сектором Казахстана в условиях рыночной экономики.-Алматы:Бастау,2011.- 20с.

9 Общий информационный ресурс данных прогнозных показателей агропромышленного комплекса: сайт Евразийской экономической комиссии [Электронный ресурс].- 2018.- URL: <https://portal.eaeunion.org/agro/ForecastIndicatorsAPC/Pages/default.aspx> (дата обращения: 17.04.2018).

10 Калиев Г.А., Молдашев А.Б. Проблемы АПК Казахстана в условиях вступления в ВТО: сб. докладов V Всероссийского конгресса экономистов-аграрников 21-22 ноября 2013 г., посвященного 125-летию А.В. Чаянова «Настоящее и будущее агропромышленного комплекса России». - М., 2014. - С.- 44-49.

### Spisok literatury

1 Moldashev A.B., Nikitina G.A. Mezhsudarstvennoe sotrudnichestvo v sfere APK stran EAJeS i Central'noj Azii // Problemy agrorыnka.- 2015.-№ 2.- С. - 5-7.

2 Moldashev A.B. Problemy agrarnogo sektora Kazahstana v uslovijah mezhsudarstvennoj integracii //Novaja jera. -2015.-№4(10).- С. 8-9.

## Аграрная политика: механизм реализации

3 Luhmanova G.K., Abdykalyk S.E. Қазақстандағы соға өндірісінің заманауи ахуалы және перспективті аграрлық өнім ретіндегі дамуы//Проблемы агрорынка.- 2017.-№ 4.- 107с.

4 Grigoruk V.V., Klimov E.V. Развитие органического сельского хозяйства в мире и Казахстане. - Анкара: Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединенных Наций, 2016. - С. 56-58.

5 Kaliev G.A. Аграрная политика Казахстана в условиях межгосударственной интеграции // Экономика сельского хозяйства и перерабатывающих предприятий. -2013.-№ 12. - С.7-8.

6 Jeksport ot del'nyh tovarov po stranam EAJeS // B'ulleten'. O vneshnej torgovle i vzaimnoj torgovle tovarami s gosudarstvami-chlenami Evrazijskogo jekonomicheskogo sojuza za janvar'-dekabr' 2017 goda : sajt Komiteta po statistike Ministerstva nacional'noj jekonomiki RK [Jelektronnyj resurs].-2018.-URL: [http://stat.gov.kz/faces/wcnav\\_externalld/homeNumbersCrossTrade?lang=ru](http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalld/homeNumbersCrossTrade?lang=ru) (data obrashhenija: 18.04.2018).

7 Saduakaso va K.Zh. Развитие интеграционных процессов в аграрной сфере республики Казахстан. - Астана: Kazahzerno, 2014. - 20 с.

8 Sulejmenov Zh.Zh. Управление аграрным сектором Казахстана в условиях рыночной экономики. - Алматы: Bastau, 2011. - 20 с.

9 Obshhij informacionnyj resurs dannyh prognoznyh pokazatelej agropromyshlennogo kompleksa: sajt Evrazijskoj jekonomicheskoi komissii [Jelektronnyj resurs].- 2018. - URL: <https://portal.eaeunion.org/agro/ForecastIndicatorsAPC/Pages/default.aspx> (data obrashhenija: 17.04.2018).

10 Kaliev G.A., Moldashev A.B. Problemy APK Kazahstana v uslovijah vstuplenija v VTO: sb. dokladov V Vserossijskogo kongressa jekonomistov-agrarnikov 21-22 nojabrja 2013 g., posvjashhennogo 125-letiju A.V. Chajanova «Nastojashhee i budushhee agropromshlennogo kompleksa Rossii». - M., 2014. - С. - 44-49.



**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ**

**ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ПРОИЗВОДСТВА  
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ПРОДУКЦИИ**

**INCREASING THE COMPETITIVENESS OF AGRICULTURAL PRODUCTION**

**Г.Ж. АЗРЕТБЕРГЕНОВА**

*э.ф.к., доцент*

**М.А. КУЛЬБАЕВА**

*э.ф.к.*

**Б.Б. БИМЕНДЕЕВ**

*PhD докторанты*

*Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*

**Г.Ж. АЗРЕТБЕРГЕНОВА**

*к.э.н., доцент*

**М.А. КУЛЬБАЕВА**

*к.э.н.*

**Б.Б. БИМЕНДЕЕВ**

*докторант PhD*

*Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясауи*

**G. AZRETBERGENOVA**

*C.E.sc., Associative Professor*

**M. KULBAEVA**

*C.E.sc.*

**B. BIMENDEEV**

*PhD student*

*International Kazakh-Turkish University named H.A. Yassavi, Kazakhstan*

---

Аңдатпа. Отандық өндірістегі еңбек өнімділігін арттыру есебінен азық-түлік қауіпсіздігінің мәселелерін шешудің бағыттары қарастырылған. Атап айтқанда, республиканың азық-түлік тәуелсіздігіне, сондай-ақ өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу үшін агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша шаралар кешені ұсынылды. АӨК мемлекеттік реттеу бағыттары ұсынылды. Оның тұрақты дамуына кешенді талдау жүргізілді. Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілді. Агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, оның деңгейіне әсер етуші факторлар анықталған. Саланың дамуына кедергі келтіретін тәуекелдер және олардың жағымсыз салдары анықталған. Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру ішкі және әлемдік нарықтарда сұранысқа ие болатын, жаңа технологияларды қолдану – цифрлық экономикаға көшудің негізі ретінде өнім өндірісінің өсуіне ықпал етеді. Аймақтық агроөнеркәсіптік кешенінің тиімді қызметінің мәселелері көрсетілген.

Аннотация. Рассмотрены направления решения проблем продовольственной безопасности за счет повышения производительности труда в отечественном производстве. В частности, для достижения продовольственной независимости республики, а также конкурентоспособности производимой продукции предложен комплекс мер по развитию агропромышленного производства. Рекомендованы направления государственного регулирования АПК. Проведен комплексный анализ его устойчивого развития. Даны практические рекомендации по повышению производительности труда в сельском хозяйстве. Выявлены факторы, влияющие на ее уровень, конкурентоспособность агропромышленных предприятий. Опре-



делены риски и их негативные последствия, препятствующие развитию отрасли. Реализация Государственной программы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021 годы будет способствовать росту производства продукции, имеющей спрос на внутреннем и мировом рынках, применению новейших технологий – основы для перехода на цифровую экономику. Отражены вопросы эффективного функционирования регионального агропромышленного комплекса.

**Abstract.** The directions of solving the problems of food security at the expense of increasing labor productivity in domestic production are considered. In particular, to achieve the republic's food independence, as well as the competitiveness of manufactured products, a set of measures on the development of agro-industrial production was proposed. The directions of State regulation of AIC are recommended. A comprehensive analysis of its sustainable development has been carried out. Practical recommendations on increasing labor productivity in agriculture are proposed. Factors affecting its level, competitiveness of agro-industrial enterprises are revealed. The risks and their negative consequences, which hinder the development of the industry, are identified. The implementation of the State Program on the Development of the Agro-Industrial Complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021 will contribute to the growth of production of goods that have a demand on the domestic and world markets, the use of new technologies- which is the basis for the transition to digital economy. The issues of effective functioning of regional agro-industrial complex are reflected.

**Кілттік сөздер:** агроөнеркәсіптік кешен, бәсекеге қабілеттілік, еңбек өнімділігі, жаңа технологиялар, тиімділік, нарық, тамақ өнеркәсібі.

**Ключевые слова:** агропромышленный комплекс, конкурентоспособность, производительность труда, новые технологии, эффективность, рынок, пищевая промышленность.

**Key words:** agro-industrial complex, competitiveness, labor productivity, new technologies, efficiency, market, food industry.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда Қазақстан экономикасы әлемдік деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, ауыл шаруашылығы үлкен маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының Президенті 2017 жылғы 31 қаңтардағы дәстүрлі Қазақстан халқына Жолдауында - «Қазақстан 2050 жылға қарай әлемдегі ең алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылуға тиіс. Осы мақсатқа сай экономикалық өсімнің жаңа моделі экономика өсуінің жылдық орташа қарқынын 5-6% деңгейге қол жеткізуге бағытталуы қажет. ЖІӨ өсімінің 70%, халықтың жұмыспен қамтылуы, экспорт және инвестицияларды тарту сияқты көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз ететін экономика секторлары өсімнің жаңа моделінің негізгі драйверлері болып табылады» [1].

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық саласы экономикамыздың аса маңызды бөлігі және экономикалық дағдарысты жою, тамақ және жеңіл өнеркәсіптерін дамыту, саяси-әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында шешуші рөл атқарады. Сондықтан ауыл шаруашылығындағы инвестициялық саясат барлық меншік түріндегі кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасының сапалық жақсаруын, өнімді өңдеу және өткізу

бағаларының төмендеуін қамтамасыз ету қажет [2].

Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығы саласындағы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар әлемдегі жаһандану кезеңінде еліміздің ауыл шаруашылығы саласындағы өнімдердің бәсекеге төтеп беруі үшін, саланың еңбек өнімділігін арттыру әлемдік нарықтағы өзінің бәсекелестік бағытын күшейтуде ауыл шаруашылығында еңбек ететін кәсіпорындар мен шаруашылықтар үшін өзекті мәселе болып табылады. Ауыл шаруашылығы саласындағы өнімділікті арттыру ғылыми сыйымды экономикаға негіз болуы тиіс. Саланың өнімділігін арттырудың жолы – бұл өте қиын үрдіс, қажетті шарты болып жаңа технологияларды енгізу мен қолдану болып табылады. Ауыл шаруашылығы саласындағы жаңа технологияларды енгізу бейімдеушілік үрдістің мәселелері өзекті болып табылады.

Себебі ауыл шаруашылығы саласында еңбек ететін шаруашылықтар мен кәсіпорынның сыртқы ортасы өте серпінді және бұл өзгерістер шаруашылық субъектінің нақты айналасына, сонымен қатар заңдық нормативтік базалар өзгерістеріне, сыртқы орта әсері мен айқынсыздық дәрежесінде

пайда болады. Қазіргі таңдағы әлемдік тәжірибеде саланың табыстылығы мен өнімнің өнімділігін арттырудың оң серпіні тек жаңа технологияларды енгізу жағдайында қолдану арқылы қол жеткізуге болатыны дәлелденген.

Саланың еңбек өнімділігін арттырудағы даму стратегияларын жасау – саладағы еңбек ететін кәсіпорындар мен шаруашылықтардың басшылығынан ерекше білім, дағды және көңіл аударуды қажет ететін, біршама күрделі кезеңдік үрдістер болып табылады.

#### **Зерттеу материалдары мен әдістері.**

Автордың ауыл шаруашылығы саласындағы жүргізген маркетингтік зерттеу процесі келесі кезеңдермен іске асырылды: зерттеу концепциясын жасау (мақсатын анықтау), зерттеудің жоспарын дайындау (сауалнама құрастыру), мәлімет алу (шаруа қожалықтары және басқарушылар мен еңбек ететін қызметкерлердің пікірін білу мақсатында сауалнама жүргізу), алынған нәтижеге талдау жасау болып табылды. Сонымен, мақсатқа сәйкес міндеттері болып:

– саладағы шаруа қожалықтары мен кәсіпорындарында еңбек ететін қызметкерлерінің білімі, дағдысы және ғылыми жаңа технологияларды өз шаруашылықтарына енгізу бойынша сегменттеу;

– шаруа қожалықтары мен кәсіпорындарында басшылары мен қызметкерлерінің инновациялық жаңалыққа деген пікірін анықтау;

– саладағы еңбек ететін ұжымдардың алға дамуын тежейтін ішкі мәселелерін айқындау.

Осыған орай біз ОҚО ауыл шаруашылығы саласындағы өсіруші, өңдеуші кәсіпорындардың жаңашыл іс-әрекеттерін, ондағы кәсіби мамандардың ұжымдық қызығушылығын анықтау мақсатында маркетингтік зерттеу жүргіздік.

Бастапқы кезде мәліметтерді жинау әдістері анықталып, формалары әзірленді. Сондай-ақ, респонденттерден пікір сұрау үшін сауалнама сұрақтары құрастырылды. Сауалнамада қызметкерлердің инновациялық іс-шараларға, яғни жаңа технологияларды енгізу арқылы саланың табысын молайтуға талпынысын зерттеуге арналған сұрақтар қамтылып, сараптық бағалауда кәсіпорындардың жаңашыл іс-әрекеттеріне өндірушілердің көзқарасы зерттелді, іріктеме көлемін статистикалық есептеу әдісі арқылы анықтадық.

#### **Нәтижелер және оларды талқылау.**

Қазіргі таңда әлемдік экономикада инновациялық үрдістердің маңызы аса қомақты.

Инновация инвестиция ағымын арттыруда, өнім өндірушінің, қызмет көрсетушінің беделін жақсартуға, әсіресе сыртқы нарықтарға бағаны тұрақтандыруға айрықша әсер етеді. Мемлекетімізде инновациялық және технологиялық өрлеудің тежелуі немесе баяу қарқынмен дамуы, әлемдік рыноктың шикізаттық көзі болып қала беруіне соқтырады [3, б. 72]. Қазіргі кезде біздің мемлекетіміздің ұстанған саясаты, елімізде өндіріліген ауыл шаруашылығы өнімдерін тек шикізат көзі ретінде нарыққа ұсынбай, дайын өнімдерді, үлесін сыртқы нарықта көбейту болып табылады.

Экономикалық өсім үшін үлкен мүмкіндіктері бар, кез келген мемлекет экономикасының маңызды салаларының бірі – ауыл шаруашылығы болып табылады, ол адам өмірі үшін қажетті өнімдерді – негізгі азық-түліктерді және көптеген өнеркәсіп салалары үшін тұтыну заттарын өндіруге қажетті шикізаттарды береді. Ұлттық экономиканың жай-күйін ауыл шаруашылығы секторының деңгейі айтарлықтай шамада анықтайды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2013 жылы 2 386,1 млрд теңгені, 2014 жылы - 2 527,8 млрд теңгені құрады. 2015 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 3 307,0 млрд теңгені құрап, өткен жылдың тиісті деңгейінен 3,4%-ға артты (оның ішінде өсімдік шаруашылығы - 1 825,2 млрд теңге, мал шаруашылығы – 1 469,9 млрд теңге). 2016 жылы қаңтар-желтоқсанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 3615,8 млрд теңгені құрады, бұл одан бұрынғы жылдың тиісті кезеңіндегі деңгейден 5,5% жоғары. Бұл өсімдік шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемін 4,0%-ға және мал шаруашылығы өнімдерінің өнімін 2,7%-ға өсіру есебінен қамтамасыз етілді [4].

Алайда, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде цифрлық технологияны қолданатын ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің үлесі көп емес, бұл егіннің өсіміне және ауыл шаруашылығын жүргізуде шығындарды қысқартуға теріс ықпал етеді.

«Ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі болмауы аграрлық өнеркәсіп пен аграрлық ғылымның АӨК-нің инновациялық негізі ретінде іздеу, сақтау, ақпаратты жедел алу мен жеткізу, жұмысшыларға басқарма шешімін жеткізу мен әрі қарай бақылау сияқты жағдайларда тиімділігін түсіреді» [5].





ралды түрде өздерін қамтамасыз етеді деп қабылдауға болады. Мысалы тұрғындар шаруашылығындағы ірі қара малды союға өткізу көлемі 20%, бұл көрсеткіш ауыл шаруашылық кәсіпорындардың ұқсас көрсеткіштерінен төмен көрсеткіш, тауықтардың жұмыртқалауы 80%-ға төмен, сүт өнімділігі екі есеге төмен. Бұл көрсеткіштердің негізінде ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтердің көрсеткіштерінің төмен деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, шаруашылықтардың жағдайының төмендігі, мүмкіндіктердің шектеулілігі агротехникалардың ескіруі, ауыл шаруашылығындағы ғылым үлесінің аздығы, қаржыландыру қиындықтары саланың дамуына кері әсерін береді.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы саласындағы нарыққа шығаруға бағытталмаған аз тауарлы ауыл шаруашылық өнімдері, өнімнің сапасының талапқа сай болмағаны тауар сапасының төмендігін көрсетеді [8].

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеует шыңы 2012 жылы 3,4 млрд. \$ құрады, бұл көрсеткішті 2011 жылғы саладағы өнімдердің өнімділігімен байланыстырамыз, ал бұл көрсеткіш 2016 жылы 2,1 млрд. \$ құрады. Жалпы экспорттың 6%-ын ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты құрайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорт негізін дәнді-дақылдар құрайды, соңғы 10 жылда елімізге орташа есеппен 1 млрд. \$ көлемінде кіріс кіргізді, сонымен қатар ұн және ұн өнімдерінің көлемі жалпы жиынтық экспорт көлемінің 60%-ын құрады. Ал 2015 жылдан бастап, Қазақстан бидай өнімін экспорттайтын алғашқы он мемлекеттің қатарынан шығып қалды. Сонымен қатар біздің елімізде өндіріген өнімдердің, соның ішінде өсімдік шаруашылығының өнімдерінің әлемдік нарықтағы бағасының төмендеуі экспорт көлемінің азаюына әкелді, ал әлемдік деңгейде сиыр етінің бағасы өзгеріссіз қалды да, ал құс етінің бағасының арту үрдісі байқалады.

2016 жылы Қазақстандағы ауыл шаруашылығы саласындағы инвестиция көлемі 228 млрд. теңгені құрап, жалпы саладағы инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда 48% артты. Сонымен қатар осы жылы жиналған бидай көлемі 23,7 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3млн 900 мың тоннаға артық және көкөністер 3,6 млн тонна, ал бақша дақылдары 2,2 млн тоннаны құрады.

**Тұжырымдар.** Соңғы жылдары еліміздегі ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек ететін шаруа қожалықтары кооперативтерге бірігуде. Өйткені бұл экономикалық жағынан тиімді болып келеді. Елімізде агроөнеркәсіптік кешендерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының негізінде мал шаруашылығының тиімділігін 40%-ға, ал өсімдік шаруашылығын 30%-ға арттыруға бағытталды. Сонымен қатар мемлекет тарапынан қаржылай көмек 7 есеге артып, ауыл шаруашылығы саласындағы шаруа қожалықтарының 67-ден 500 мың көлемге артты.

Сонымен қатар Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 30%, 3,3-дан 4,3 трлн теңгені құрайды деп жоспарлануда. Көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізу үшін, өнімдерді өндіруге 1200 кооперативтер қатысады деп күтілуде.

Көрсетілген межеге қол жеткізу үшін, аймақта қолайлы іскерлік жағдаят қалыптасуы қажет. Сыбайлас жемқорлықтың етек алмауы, экономикалық қылмыстардың болмауы, құзырлы органдардың бизнестің заңды негізінде «көлеңкелі» сызбаларды қолданбай жүргізілуіне қызығушылығының болуы қажет. Сонымен қатар жергілікті билік агрокластерді қолдау қажет, немесе мемлекеттік реттеу керек, сонымен қатар кластерге (мемлекеттік-жекеменшік әріптестік) тікелей қатысуын қолдауға тиіс.

Ауыл шаруашылығы саласында отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі, өндірістің экономикалық тиімділігінің мардымсыздылығы және инфрақұрылымының дамымауы әсерінен Қазақстанның агроөндірістік кешендерінде, кластерлік жүйені пайдаланудың қажеттілігі туындайды.

Елімізде, астық, сүт, мақта-тоқыма, жеміс-жидек пен көкөніс және т.б. кластерлерін қалыптастырудың ұйымдастырушылық және экономикалық алғышарттары бар.

Сонымен бірге, біз келтірген саладағы өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үрдісін жүргізуде, кездесетін кедергілерді былайша топтастыруымызға болады:

■ бірінші: тұрғындардың әлеуметті жағдайы, кадрлардың біліктілігі, шаруа қожалықтарының техникалық және реттеу сияқты экономикалық кедергілер;

■ екінші: инновациялық жаңалықтарды, соның ішінде саладағы ғылымға негізделген жаңа технологияларды енгізуде кездесетін кедергілер – кәсіпорындарда болатын техникалық инфрақұрылым – бәсекеге қабілетті өнімді өсіру үшін, тұқымнан дайын өнімге дейін дайындау үрдістері коммуникация бағытындағы көлденең (байланысты-

ратын технология тізбегі бойынша) және келбеу (болашақта жаңа технологияларды пайдалану үрдісін сақтау және ары қарай жетілдіру) жолдарында пайдалануда болатын әр түрлі кедергілер;

■ үшінші: әлеуметтік тұрғыдан пайда болатын әр түрлі кедергілер, яғни көптеген саладағы шаруа қожалықтары мен өңдеуші кәсіпорындардағы басшылар мен агроном және басқа қызметкерлердің техникалық шешімдерді іске асыру барысындағы тежеуші іс-әрекеттері;

■ төртінші: саладағы жаңа технологияларды реттеу жұмыстарын жүргізуде пайда болатын кедергілер. Мысалы, кооперативтерді білікті басшының көмегімен жаңа технологиялардың енгізу кезінде кәсіби мамандардың жетіспеушілігінің болуы. Сондай-ақ, кәсіпорынға заң, әлеуметтік, техникалық және институционалды реттегіштердің әсері де болуы мүмкін және оған жаңа технологияларды енгізуші кәсіпкердің қаржылай мүмкіндігінің болмауы. Осындай сыртқы және ішкі қалыптасқан құралдар жаңа технологияларды енгізу шараларын жүргізуге тежеу салады.

Олай болса, саладағы еңбек өнімділігін арттыру үрдісіндегі бәсекеге қабілеттілікті арттыруда мынадай мәселелерін шешуіміз қажет:

◆ саланың еңбек өнімділігін арттыруды белсендіру үшін ең алдымен кәсіпорынның қаржы жағдайын жақсарту;

◆ жаңа өнімді өндіруде жаңаша материалдық-техникалық жабдықтау;

◆ өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру процесінде ұйымдастыру жұмыстарының тиімділігін көтеру;

◆ саладағы өндірілетін өнімнің шығындарды азайту жолдарын қарастыру.

Бұл мәселелердің шешімі ауыл шаруашылығында өсіруші және өңдеуші кәсіпорындардың күш-жігерін жаңа технологияларды енгізу арқылы, нәтижеге шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда агрокластерлерді құру мынадай қағидаттарға негізделуі тиіс: саланың техникалық қайта жаңғырту үшін жағдай жасау, нақты коммерциялық тетіктердің негізінде инвестициялар тарту, инновацияның технологиялық тұрғыдан да басқару тұрғысынан да қолдану, бұл міндетті түрде кластердің субъектілерінің тұрақты дамуына оң ықпал ете отырып, олардың аймақтық және ұлттық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Еліміздегі ауыл шаруашылығы саласындағы өндірілген өнімдер бәсекеге қабі-

летті болудың басты бағыты ретінде АӨК-дерді сапалы технологиялар қамтамасыз ету қажет.

### Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // Егемен Қазақстан 1 ақпан 2017 ж. Қазақстан Республикасының 2017-2021 жж. агроөнеркәсіп кешендерін дамыту мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016.-Б.1-3.

2 Әкімбаева Ч.Ү., Бакирбекова А.М. ҚР ауыл шаруашылығының инвестициялық белсенділігін арттыру жолдары // Аграрлық нарық проблемалары.-2015. - №4. -Б.26-27.

3 Сартова Р.Б., Шеримова Н.М. Әлеуметтік инфрақұрылымның инновациялық даму барысы // Аграрлық нарық проблемалары.-2015. -№1. - Б.72-73

4 Официальные статистические данные Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республика Казахстан [Электронный ресурс]. - 2017. - URL: <http://www.stat.gov.kz> (дата обращения: 07.11.2017).

5 Абуов К.К., Нарынбаева А.С. Павлодар облысы агроөнеркәсіптік кешенін басқару жүйесіндегі ақпараттық технологиялар // Аграрлық нарық проблемалары.- 2016. - №1.- Б.48-50.

6 Азретбергенова Г.Ж. Мақта саласындағы маркетинг жүйесін жетілдіру.-Түркістан: Тұран баспасы, 2012. -Б.45-48.

7 Григорук В.В., Умбиталиев Н.А. Личное подсобное хозяйство на современном этапе развития Казахстана // Проблемы агрорынка.- 2006.-№1.-С. 34-36.

8 Рыспекова М.О. Оценка экспортного потенциала отрасли растениеводства Республики Казахстан // Проблемы агрорынка.- 2016.-№2. –С. 48-55.

### Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Respublikasynың Prezidenti N.Ә.Nazarbaevтың Қазақстан halkына Zholdauы «Қазақstannың үshinshi zhaңғыруу: zhaһandyқ bәsekege қабilettilik» // Egemen Қазақстан 1 ақпан 2017zh. Қазақстан Respublikasynың 2017-2021 zhzh. agroөnerkәsіp keshenderin damyту memlekettik bardarlamasy. – Astana, 2016.-B.1-3.

2 Әkimbekova Ч.Ү., Bakirbekova A.М. ҚР ауыл шарuashыlyғуның investicijalyқ belsendiligin arttyru zholdary // Agrarlyқ naryқ problemalary.- 2015. -№4. -B.26-27.

3 Sartova R.B., Sherimova N.M. Әleumet-tik infraқұrylymnyң innovacijalyқ damu barysy // Agrarlyқ naryқ problemalary.-2015.-№1.-B.72-73.

4 Oficial'nye staticheskie dannye Komiteta po statistike Ministrstva nacional'nyj jekonomiki Respublika Kazahstan [Jelektronnyj resurs] .- 2017. - URL: <http://www.stat.gov.kz> (data obrashhenija: 07.11.2017).

5 Abuov K.K., Narynbaeva A.S. Pavlodar oblysy agroenerkәsiptik keshenin basқaru zhyjesindegi ақпараттық tehnologijalar // Agrarlyқ naryқ problemalary.-2016. -№1.- B.48-50.

6 Azretbergenova G.Zh. Мақта salasyn-dary marketing zhyjesin zhetildiru.-Tyrkistan: Tyran baspasy, 2012. -B.45-48.

7 Grigoruk V.V., Umbitaliev N.A. Lichnoe podsobnoe hozjajstva na sovremennom jetape razvitija Kazahstana // Problemy agrorynka.- 2006.- №1.- S. 34-36.

8 Ryspekova M.O. Ocenka jeksportnogo potentsiala otrasli rastenievodstva Respubliki Kazahstan//Problemy agrorynka.-2016.-№2.-S.48-55.

ӘОЖ 68.75.13

ҒТАМР 68.75.01

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРАРЛЫҚ САЛАСЫ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ**

**АГРАРНАЯ СФЕРА КАЗАХСТАНА: ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ**

**AGRICULTURAL SPHERE OF KAZAKHSTAN: INNOVATIVE DEVELOPMENT**

**А.Б. ТЛЕСОВА<sup>1</sup>**

*э.ф.к., доцент*

**С.Ч. ПРИМБЕТОВА<sup>1</sup>**

*э.ф.к., доцент*

**Ш.М. КАНТАРБАЕВА<sup>2</sup>**

*э.ф.д.*

<sup>1</sup> *М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті*

<sup>2</sup> *Нархоз университеті*

**А.Б. ТЛЕСОВА<sup>1</sup>**

*к.э.н. доцент*

**С.Ч. ПРИМБЕТОВА<sup>1</sup>**

*к.э.н., доцент*

**Ш.М. КАНТАРБАЕВА<sup>2</sup>**

*д.э.н.*

<sup>1</sup> *Западно-Казакхстанский госуларственый университет им. М. Утемисова*

<sup>2</sup> *Университет Нархоз*

**A.B. TLESSOVA<sup>1</sup>**

*C.E.sc. Associanive Professor*

**S.CH. PRIMBETOVA<sup>1</sup>**

*C.E.sc., Associanive Professor*

**SH.M. KANTARBAYEVA<sup>2</sup>**

*Dr.E.sc,*

<sup>1</sup> *West Kazakhstan state University named after M. Utemisov*

<sup>2</sup> *Narxoz University*

Аңдатпа. АӨК-гі инновациялық саясат агроөнеркәсіптік өндірістің тиімділігіне бағытталған. Мақалада аграрлық сектордың инновациялық үрдістер негізінде даму жолдары қарастырылған, олардың ерекшеліктері зерттелген, АӨК-гі инновациялар түрлерінің жіктелімі келтірілген, инновациялық белсенділікті арттыру шаралары ұсынылған. Республиканың аграрлық саласының инновациялық дамуы – әлемдік нарықтағы отандық агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты шарттарының бірі болып табылады. Аграрлық сектордағы инвестициялардың салалық құрылымы талданды және агроөнеркәсіптік саланың бәсекеге қабілетті және жоғары технологиялық экспортқа бағдарланған өнімдерді өндіруге көшу негізінде инвестициялық тартымдылығын арттыру жолдары көрсетілді.



әдістемелік негізі ретінде экономикалық-статистикалық, монографиялық, салыстырмалы экономикалық талдау әдістері қолданылды. Қазақстанда аграрлық саланы инновациялық бағытта дамытуды зерттеуде экономикалық жағдайларды зерттеуде қолданылатын жалпылама әдістер қолданылды. Бұл зерттеу әдістері аграрлық саланы тұтас зерттеп, осының негізінде инновациялық жолмен дамытудың жолдарын қарастыруды талап етеді. Зерттеу барысында ауыл шаруашылығындағы инновацияларды бірнеше топтарға бөліп қарастыру мен ауыл шаруашылығындағы инновациялық қызметтің өзіндік ерекшеліктерін зерттеуде талдау мен синтез әдістері қолданылды. Аграрлық сала экономикасын зерделеу барысында экономикалық-статистикалық әдіс қолдану арқылы ауыл шаруашылығына бөлінген инвестициялар туралы статистикалық деректерге талдау жасалынды. Талдау және синтездеу негізінде аграрлық саладағы жалпы даму заңдылықтары қарастырылып, оларды жүзеге асыру бағыттары көрсетілді. Салыстырмалы экономикалық талдау әдісін қолдану негізінде жеке және жалпы көрсеткіштер салыстырылып, аграрлық саладағы өсу тенденциялары талданды. Зерттеу әдістерін қолдану арқылы аграрлық салаға әсер етуші көптеген факторлар анықталып, талданды. Салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып Қазақстанда аграрлық өндірістің тиімділігін жоғарылатып, агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін жоғарылату бағыттары қарастырылды.

Аграрлық сала еліміздің экономикасының негізгі салаларының бірі және қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын факторы болып табылады. Сондықтан да аграрлық секторды инновациялық бағытта дамыту мемлекет үшін стратегиялық жағынан маңызды.

Қазақстандағы агроөнеркәсіп кешенінде инновациялық қызметті қалыптастырып, дамыту, инновациялардың тиімділіктері туралы Ғ.Қалиев, О.Сәбден, К.Сағадиевтардың шығармаларында қаралды. Сонымен қатар орыс ғалымдары И.Г. Ушачев, Е.С. Оглоблин, И.С. Санду, А.И. Трубилин, А.И.Алтуховтардың ғылыми еңбектері зерделеніп, аграрлық саладағы инновациялық қызметтің негіздері, бағыттары мен ұйымдастырушылық формалары мен инновациялық үдерістердің ұйымдастырушылық экономикалық тетіктері қарастырылды.

Елімізде ауыл шаруашылығындағы инновацияларды бірнеше топтарға бөлуге

болады. Біріншіден, бұл ауыл шаруашылығы техникаларының тозуымен немесе моральдық ескіруімен байланысты инновациялар. Дамыған елдерде кеңінен қолданылатын техникаларды елімізде пайдаланатын болсақ, оны «аймақтық» инновациялар деп есептеуге болады. Екіншіден, ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқым сорттары мен жоғары өнімді асыл тұқымды малдардың түрлерін өндіріске енгізу де инновацияларға жатады. Үшіншіден, ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуды ынталандыратын ғылыми әзірлемелер де инновациялар болып табылады. Мысалы, ауыл шаруашылығының әр түрлі салаларынан арналған тыңайтқыштардың немесе қоспалардың жаңа түрлері. Төртіншіден, инновациялар басқару жүйесінде – басқарудағы жаңа тәсілдер немесе бақылау мен басқарудың электронды жүйесін енгізу түрінде болуы мүмкін. Бесіншіден, инновациялар агроөнеркәсіп кешенінің инфрақұрылымымен байланысты болады және бұл макроэкономикалық шешімдер мемлекеттік қолдау мен реттеуді қажет етеді. Бұлардың қатарында топырақ құнарлылығының жағдайын бағалау шаралары, фермерлікпен айналысатындарға ұсыныстар беру, инновацияларды өндіріске енгізу туралы кеңестер айту, саладағы мүмкіндіктер мен әзірлемелер туралы дер кезінде ақпараттандыру бар. Аталған инновациялық шараларды біртіндеп, жоспарлы кешенді енгізу нәтижесінде Қазақстанның агроөнеркәсібі табысты салаға айналатыны сөзсіз.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығындағы инновациялық қызметтің өзіндік ерекшеліктері бар [2] :

– біріншіден, басқа салалармен салыстыратын болсақ, ауыл шаруашылығындағы түпкі ақырғы өнім – азық-түлік. Яғни, барлық инновацияларды пайдалану тек қана экономикалық пайдаға ғана бағытталмауы керек, тұтынушылардың денсаулығын қамтамасыз ету мәселесі бірінші кезекте болуы керек. Өнімдердің сапасы экспертизалық тексерілуден өткізіліп, тұтынушылардың денсаулығына зиян келтірмеуі керек;

– екіншіден, ауыл шаруашылығы саласына инновацияларды енгізудің уақытпен байланысты ерекшеліктері бар. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өсірудің уақыттарына сай инновациялардың әсерінен өнімдер өсіп, піскенде, өңдеуден өткенде ғана білеміз. Бұл кезең бірнеше айға созылады және инновацияларды қайтадан «сынақтан өткізу» үшін келесі жылды күтуге тура келеді, ал бұл инновациялардың

экономикалық тиімділігін бағалау уақытының ұзаққа созылуына әкеледі. Мысалы, өсімдік және мал шаруашылығы салаларында бір кезеңнің ұзақтығы бір жылға созылады. Ал, жеміс шаруашылығында инновациялардың тиімділігін бағалауға 5-10 жыл керек;

– үшінші ерекшелік инновациялардың қайтарымдылығының ұзақтығымен байланысты және осы инновациялардың дамуына кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі;

– төртіншіден, ауыл шаруашылығы өнімдерінің алуан түрлілігі. Шағын немесе орташа кәсіпорындар әр түрлі ассортиментті өнімдерді өндіріп, сұранысты қанағаттандыруда және өздерін нарықтық ауытқулардан сақтану үшін тәуекелдерін азайтуда. Сол себепті инновациялық технологияларды әзірлеуде кең көлемде қолданылатын, әр түрлі өндірушілерге тиімді болатын факторларды есепке алу қажет;

– бесіншіден, дақылдардың өнімділігі мен өндіріс технологиясы ауа райының және табиғи жағдайлардың алдын ала болжанбайтын факторларына тәуелді. Бұл ретте табиғи жағдайларға қарамай есетін мықты сорттар мен тұқымдарды шығару – инновациялық дамудың ең қажетті бағыттарының бірі;

– алтыншы ерекшелік – өсімдіктер мен жануарлардың әр түрлі территориядағы табиғи жағдайларға бейімделу қажеттілігі. Еліміздің кең байтақ болуына қарай табиғи климаттық жағдайлар да әр түрлі. Инновацияларды әзірлеу кезінде жергілікті климаттық жағдайларды есепке алу керек. Ауыл шаруашылығына инновацияларды енгізу механизмін жетілдіріп, мемлекеттік саясат агроөнеркәсіп кешенінде инновацияларды ынталандыратын болуы керек;

– жетіншіден, еліміздің территориясының ауқымының кең болуына орай ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының көпшілігі де бір-бірінен өте алыс орналасқан. Енгізілетін технологияға өте көп қаражат керек болса, оны бірнеше ірі кәсіпорындардың бірігіп алып, қолдануына алыс орналасуы кедергі болады. Шағын кәсіпорындарда мамандандырылу аясы кең болуына сай, олар арнайы мамандандырылған техниканы алуға қаржылары жетпей, тиімділігі аз әмбебап техниканы пайдалануға мәжбүр;

– сегізіншіден, агроөнеркәсіп саласындағы мамандарды дайындау деңгейінің төменділігі. Инновацияларды енгізуде мамандардың кәсіби біліктілігі төмен болса, енгізілген тиімді инновациялардың өзі де

ешқандай нәтиже бермейді. Сондықтан қызметкерлерді дайындау және оқытып, білімін жетілдіру үдерістеріне аса зор мән беру керек;

– тоғызыншыдан, агроөнеркәсіп саласындағы инновациялық қызметтің тағы бір ерекшелігі көптеген кәсіпорындар арасында бір-бірлерімен байланыс, қарым-қатынас нашар дамыған. Тіпті Қазақстан аймақтарының арасында да бір-бірімен байланыс жоқ десе де болады. Бұл тек қана ауыл шаруашылығын өндірушілер емес, ауыл шаруашылығы машиналарын шығару, тыңайтқыштар өндіру, өсімдіктердің элиталы сорттары мен малдардың асыл тұқымын шығарумен айналысатын, яғни ауыл шаруашылығы салаларына инновациялық өнім шығаратын көптеген кәсіпорындар арасында кездеседі. Ғылыми-техникалық әзірлемелерді бірлесіп өндіріске енгізудің қалып-тасқан механизмі жоқ десек те болады. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығына инновацияларды енгізу деңгейі төмендеп, бәсекеге қабілеттілік нашарлайды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атап өткендей іргелес орналасқан, көршілес аймақтар бір-бірімен қарым-қатынасты нығайтып, тауарларын алмастырып, екіжақты қарым-қатынастардың барлық спекторы бойынша ынтымақтастықты терендетулері керек.

Қазіргі кезде Қазақстанның ауыл шаруашылығына бөлінген инвестициялардың басым бөлігі өндірістегі негізгі қорлардың тозуын қалпына келтіруге бағытталуда. Жекелеген кейбір салаларға, мысалы құс, шошқа шаруашылығына, жабық грунтта өсімдік өсіруге көп инвестициялар салынуда. Бұл салаларда, мысалы бройлерлік құс өндірісінде өсімдерді молайту үдерісі 1,5 айда, шошқа өсіруде 3-4 айда қайта қалпына келеді. Және олар табиғи климаттық жағдайларға да тәуелсіз, ал салынған инвестицияны қайтару уақыты да көпке созылмайды.

#### **Нәтижелер және оларды талқылау.**

Инновацияларды дайындау және өндіріске енгізу кезінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының технологиялық даму деңгейлерінің әр түрлі екенін ескерген жөн. Шағын шаруа қожалықтары мен ірі аграрлық холдингтерде механикаландыруды енгізу деңгейі, қол еңбегінің үлесі, капитал сыйымдылығы, ресурстар қоры түрлі деңгейде. Қазіргі уақытта ақпараттық ресурстар кәсіпорын өндіретін өнімдеріне әсерін тигізіп, негізгі қорлардың өзгеруіне ықпал етуде. Мысалы, ГЛОНАСС технологияларын тракторларға қондыру көптеген

шаруашылықтардың жерлерді өңдеу сапасын жоғарылатып, уақыттарын біршама қысқартуға себебін тигізді. Осындай ақпараттық технологияларды енгізу бақылау деңгейін жоғарылатып, негізгі ресурстардың өнімділігі мен еңбек өнімділігінің өсуіне әсер еткен. Жоғары сапалы ақпараттық инновациялық технологияларды енгізу өндіруші кәсіпорынның беделін жоғарылатады, себебі өнім сапасы жақсарып, бәсекеге қабілетті болады. Сапасыз өнім шығарып, қоршаған ортаға зиян келтіретін өнім өндірушілер ешқашан да беделге ие болмайды. Сондықтан, экологиялық таза өнім шығара алатын инновациялық технологияларды қолдануды тездету керек, бұл маркетингтік басымдылық ретінде нарықтағы бәсекелестік жағдайында ауыл шаруашылығы өндірушісіне көптеген мүмкіндік береді.

Энергоресурстарды үнемдеуге қатысты инновациялар ауыл шаруашылығы өндірісінде өте қажет. Энергетикалық ресурстардың бағасы үнемі өсіп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнында біраз үлеске ие болуда. АҚШ, Канада және ЕО елдеріндегі ауыл шаруашылығы өндірушілерімен салыстырып қарайтын болсақ, қазақстандық өндірістің энергия сыйымдылығы 5 есеге көп, материал сыйымдылығы 4 есе көп, ал еңбек сыйымдылығы 8-10 есеге төмен. Бұл елдерде инновацияларды ауыл шаруашылығына енгізу үдерісі нарықтық негізде үздіксіз жүзеге асырылады. Ал, мемлекеттері тарапынан инновацияларды енгізуді ынталандыратын тетіктер қарастырылған, олар экономикалық тиімсіз инновациялардан бас тартып, тек қана пайдалы инновацияларды қолдауға бағытталған [3].

Агроөнеркәсіп саласындағы инновациялық саясат – агроөнеркәсіп өндірісінде инновациялық қызметті дамытуға бағытталған мемлекеттің аграрлық саясатының бір бөлігі, ол саланың инновациялық дамуын қалыптастырып жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Агроөнеркәсіп саласының инновациялық ахуалы – агроөнеркәсіп өндірісінде инновациялық қызметті жүзеге асыруға қажетті материалдық, қаржылық, интеллектуалды, ғылыми-техникалық және басқа да түрлі ресурстардың жиынтығы.

Қазақстанның аграрлық саласының инновациялық дамуы ұлттық экономиканың әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі факторларының бірі. Ал, ауыл шаруашылығындағы инновациялық қызмет – бұл ғылыми-зерттеулер мен

тәжірибелік әзірлемелерді қолдана отырып жаңа немесе жақсартылған (жетілдірілген) ауыл шаруашылығы өнімдерін және түрлі технологияларды дамыту.


Елімізде ауыл шаруашылығын дамыту туралы көптеген құжаттар, бағдарламалар қабылданып, мемлекет тарапынан қолдаулы көрсетілді. Атап айтқанда болсақ, 2015 жылғы 29 қазанда «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Қазақстан Республикасының № 372-V Заңы қабылданды. Заңның мақсаты – ұсақ және шағын шаруа қожалықтарын біріктіру негізінде ауыл шаруашылығы өндірісінің рөлі мен маңызын арттыру. Қазіргі кезде республика көлемінде 4 пилоттық жоба аясында Алматы облысында бау-бақша кооперативі, Жамбыл облысында сүт бағытындағы, Ақтөбе облысында ет бағытындағы, Солтүстік Қазақстанда егін шаруашылығы бағытындағы кооперативтерді ұйымдастыру қолға алынуда. Сонымен қатар, 2015 жылғы 27 қарашада Қазақстанның ДСҰ кіруі аясында «Органикалық өнім өндіру туралы» Заң қабылданды. Органикалық өнім өндіру Қазақстан экономикасы үшін басым бағыттардың бірі және «Жасыл экономиканы» дамытуға үлесін қосып, су және жер ресурстарын тиімді пайдалану, биологиялық өртүрлілікті қалыпта ұстауға ықпал етеді. «Қазақстан-2050» стратегиясына сәйкес Қазақстанда агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №894 қаулысымен қабылданды. Ауыл шаруашылығын дамыту туралы құжаттардың барлығында да аграрлық саланың көптеген қызметтердің жүзеге асырылуымен тығыз байланысты екенін және өте көп қаржыландыруды, инвестицияларды тартуды талап ететіні нақты көрсетілген.

Елімізде өндірілетін азық-түлік өнімдері сұранысты қамтамасыз ете алмауы салдарынан сырттан алынатын импорттық өнімдер әлі де баршылық. Атап өткеніміздей, өңдеу кәсіпорындарының өндірістік қуаттылығы төмен, өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің 80%-ға жуығы қайта өңделместен шикізат түрінде өткізіледі, ал дайын өнімнің бәсекеге қабілеттілігі төмен [4].

Еліміз Еуразиялық экономикалық одақа (ЕАЭО) және Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүше болуына орай көптеген мүмкіндіктер ашылуда, алайда отандық тауар өндірушілер бәсекелестік талаптарына сай болуы керек, себебі ішкі және сыртқы нарықтарда отандық қана емес шетелдік бәсекелес кәсіпорындар өте







<http://www.stat.gov.kz>

1-сурет. ҚР экономикасына бөлінген инвестициялардан ауыл шаруашылығына бөлінген инвестициялардың үлесі

Инвестициялар көлемінің өсуі аграрлық сала кәсіпорындарының қызметін жақсартуға біршама әсер етті. 2016 жыл қорытындыларына сай, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 5,5%-ға өсті. Айта кету керек, соңғы екі жылда ауыл шаруашылығы көрсеткіштерінің өсуі төмендеген болатын, 2014 ж. 1% ғана өссе, 2015 ж. 3,4% болған.

2016 жылы ауыл шаруашылығы өндірісінің күрт артуына қарамастан, ұлттық экономикамыздың басқа секторларымен салыстырғанда аграрлық салаға инвестициялық қолдау жетіспейді. Қазақстан экономикасындағы барлық инвестиция көлемдері бойынша аграрлық сала үлесі төмен, 2015 жылғы 2,4%-дан 2016 ж. 3,3%-ға өсті.

Бұл жағдай инвесторлардың аграрлық саланы қаржыландырудың жоғары тәуекелділігімен байланысты екенін көрсетеді. Екінші жағынан ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің де өз қорларын жаңарту мақсатында инвестицияларды түбегейлі арттыруға мүмкіндіктері аз болуда [6].

Әлемдегі экономикасы дамыған 30 елдің қатарына кіруіміз үшін аграрлық саланы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағыттауымыз және технологиямызды жедел түрде жаңғыртуымыз қажет. Ауыл шаруашылығы ел дамуының негізгі күші болып, Қазақстанды сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуі қажет [7].

Агроөнеркәсіп саласы басымдығы зор салалардың бірі, осыған орай бұл салада бәсекеге қабілетті бола алатын өнім өндіріп, экспорттық өнімді молайтып, өндірісті

экспортқа біртіндеп дайындау керек. Индустрияландыру саясатының басты бағдары да осы экспортқа бағытталған ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталынуын керек етті [8].

Ауыл шаруашылығында өндірілген өнімдер сапалы болып, экологиялық стандарттар талабына сай дайындалса, еліміз ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаушы күрделі өндірушілердің қатарына кіреді.

Елімізде астық өндірісінің дамуына өте қолайлы барлық жағдай жасалған. Еуразия аясында «нан көрзеңкесі» болуымызға да ешқандай кедергілер жоқ, тек қана шикізатты өндіре бермей өңдеу саласын дамытып өңделген, сапасы жоғары дайын өнімдерді көптеп шығаруды қолға алуымыз керек. «Қазақстанда жасалған» деген сауда маркалары мен брендтері экологиялық сапалы, таза өнімдермен халықаралық нарықтарға шығарылып, танымал болу үшін жағдай жасалынауда.

Қазақстандық агроөнеркәсіп саласына инновацияларды енгізуге кедергі келтіретін факторлар да бар. Олардың арасында әсіресе, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы техника-технологиялық артта қалушылық, техникалардың ескіріп тозуы, өнімнің өзіндік құнының артуына себеп болуда [9]. Осы себепке сай көптеген инвесторлар, әсіресе шетелдік инвесторлар өз қаржыларын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына салмайды, біздің кәсіпорындардың техникалық даму деңгейі шетелдермен салыстырғанда біраз артта



## Аграрная политика: механизм реализации

8 Қалиев Ғ. Ауыл шаруашылығын кешенді дамытпай, іс оңбайды / Ғ. Қалиев// Заң газеті, 6 шілде 2016. - Б. 5

9 Развитие инноваций и технологий в условиях глобализации: миро- вой опыт и Казахстан / Ф.М. Днишев, Ф.Г. Альжанова. – Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2013. – 62 с.

10 Сағадиев К. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік - заманның өктем талабы / К. Сағадиев // Егемен Қазақстан, 13 ақпан 2017. - Б. 3.

### ***Әдебиеттер тизімі***

1 Altuhov A.I. Innovacionnaja dejatel'nost' - strategicheskoe napravlenie razvitija agrarnoj sfery jekonomiki [Tekst] / A.I. Altuhov // Mezhdunarodnyj mezhvuzovskij recenziruemyj nauchnyj zhurnal «Prikladnye jekonomicheskie issledovanija». – М.: ООО «Nauchnyj konsul'tant». - 2016. - № 3. – S. 19-25.

2 Innovacionnaja dejatel'nost' v agrarnom sektore jekonomiki Rossii / pod red. I.G. Ushachjova, I.T. Trubilina, E.S.Ogloblina, I.S. Sandu. – М.: Kolos. - 2007. – 636 s.

3 Maslova I.A. Rol' i znachenie innovacii v sovremennoj jekonomike // Upravlencheskij uchet. - 2018. - № 4. - S. 97-106.

4 Sabden O. Jekonomika: izbrannye trudy. Aktual'nye problemy krizisnogo i postkrizisnogo perioda razvitija Kazahstana (2008-2011 gg.). - Алматы: IJe KN MON RK, 2011. - Т. НН.- 840 s.

5 Karbetova Z.R., Daribaeva A.K., Zhuravleva V.F. Problemy modernizacii agropromyshlennogo kompleksa Kazahstana.- Алматы: KazNII jekonomiki APK i razvitija sel'skih territorij, 2015. – 19 s.

6 Ushachev I.G. Osnovnye napravlenija strategii ustojchivogo social'no-jekonomicheskogo razvitija APK Rossii // APK: jekonomika, upravlenie. -2017.- № 6.- S. 4-24.

**Кіріспе.** Балық саласы Қазақстан экономикасының дамуында ең негізгісі және нарық жағдайында экспорттық әлеуеті өзекті болып табылады. Балық саласының экспорты мен импортын талдау негізінде елдегі дамып келе жатқан дәстүрлі нарықтарға қызмет көрсетуде географиялық орналасуының жағымды жақтары жоғары бағаланған. Елдің балық саласының әрі қарай даму мәселесі мен болашағын анықтау үшін соңғы жылдары Қазақстан Республикасының балық және аквамадениет өнімдерінің көлемі, «Ауыл, орман және шаруашылық» сферасының ЖІӨ үлесінің Қазақстанға келген импорты мен Қазақстаннан шыққан экспорт көлемі талданды. Балық саласын дамыту жалпы нарықтық реформаларды жүргізу үшін мәні зор. Қазақстанның табиғи мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, агроөнеркәсіптік кешен әлеуетін әлемдік нарыққа тиімді шығару

арқылы жүзеге асыра алады, осы жерде балық саласы да маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасында балық саласы елеулі әлеуетке ие. Балық саласына инвестициялық тартымдылық төмен деңгейде болғандықтан Қазақстан Республикасының Үкіметі инвесторларға өз салымдарын агроөнеркәсіптік секторға жұмсауға шақырады. Сонымен қатар 2030 жылға қарай әлемде адамдар саны 8 миллиардқа жетеді. Қазіргі жағдайда Қазақстанның экспорттық әлеуеті мен мүмкіншілігін қолдану қажет. Ірі және әрдайым кеңейтілетін балық саласын өткізу нарығы – бұл қазақстандық өндірістің көлемін ұлғайту үшін жағымды факторлардың бірі.

Әлемнің Денсаулық сақтау ұйымымен балықты көбірек тұтыну ұсынылған, дегенмен Қазақстанда балықты тұтыну жеткілікті деңгейде емес. Балық ақуыздың арзан көзі болып табылады және организмге пайдалы



**Рынок продовольственной продукции**



өнім [4]. Балық экологиялық тұрғыдан таза, қауіпсіз өнім және қоректік заттарға бай болғандықтан халықтың басым бөлігі тұтынуға тырысады, ал әлемдік тәжірибеде балық салауатты тамақтану бағдарламасының негізгі ұстанымы ретінде маңызды орын алады.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.**

Балық өнеркәсібі экономиканың негізін құрайды. Балық саласының және өнеркәсібінің теоретикалық және тәжірибелік аспектілері отандық және шетелдік авторларының еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Балық мәселесін зерттеуде В.Саусканның балық өнеркәсібі жөніндегі зерттеуі негіз болды. Балық саласын стратегиялық басқарудың теориялық негіздері, экспорттық әлеуеті Я. Ганич, Е. Клиппенштейн, Н. Мищенконың еңбектерінде [2] көрсетілген. А.Асонкова, А.Чуниннің еңбектерінде балық өнеркәсібіндегі өндірісті басқарудың рөлі, өндірісті талдау және өткізу, балық өнімінің шығындары мен өзіндік құны туралы зерттелген [8]. М.Таиров өз еңбегінде Қазақстан бассейндерін, балық саласын қалпына келтіру қарастырылған [5]. Дегенмен де балық саласының экспорттық әлеуеті бойынша көптеген ғалымдар айналысады, бірақ олар өз еңбектерінде осы мәселені толығымен зерттемеген.

Жалпы зерттеудің ілімдік және әдістемелік негізі ретінде балық саласын тиімді ұйымдастырудың жалпы теориялары мен заңдылықтары құрады. Балық саласындағы

отандық және шетелдік жетекші ғалымдардың осы зерттеу пәні бойынша ілімдік-әдістемелік көзқарастары мен тұжырымдары зерттелді. Нарықтық қатынастардың қалыптасу кезеңінде балық саласын дамыту мәселелерін дүниежүзілік тәжірибелерді пайдалана отырып талдау, балық саласын мемлекеттік қолдау жүйесін одан әрі жетілдіру, терең зерттеуді талап етеді. Зерттеу міндеттерін шешу барысында Қазақстан Республикасының заңдық және нормативтік-құқықтық актілері, Қазақстан Республикасының Президентінің жарлықтары, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да ақпарат көздерінің мәліметтері қолданылды.

Зерттеу жұмысында экономикалық талдау, жүйелік, салыстырмалы, есептік-құрылымдық сараптау, топтастыру және экономикалық-математикалық модельдеу әдістері қолданылды.

**Нәтижелер және оларды талқылау.**

Кей елдерде балық саласын дамыту үшін қаржылық ынталандыру шараларын ұсынады, атап айтсақ, табыс және жер салықтарын, сатудан алынатын салық, отандық және шетелдік инвесторларға салынатын импорттық бажды, балық кәсіпорындарының құрылымына және қайта жөндеуге, техника және жабдықтар сатып алуға берілетін несиелердің пайыздық ставкаларын субсидиялау. Елдердің балық саласының экспорттық әлеуетін дамытудағы тәжірибесін қарастырайық (1-кесте).

1-кесте – Елдердің балық саласының экспорттық әлеуетін дамытудағы тәжірибесі

<b>Елдер</b>	<b>Тәжірибесі</b>
Польша	Аквамәдениет саласындағы білім беруді ұйымдастыру, тұщы су қоймаларының көлемінің үлкендігі, балық өңдеу кәсіпорындарының қызметіндегі стратегияны жүзеге асыру, балық аулау саласына және осы саладағы бизнесті дамытуға ерекше назар аударылады
Корея Республикасы	Балық аулау кемелерін салу, жаңғырту, балықты өңдеу және балық өңдеу кешендерін салу сияқты тікелей және жанама қолдау көрсетіледі, балық өнімдерінде маркетингтік тәсілдерді жүргізу, балық нарығының экспорттық әлеуетін зерттеу, тоғандар, көлдер (балық аулау ауылы) инфрақұрылымын жетілдіру, балық аулаудың қазіргі заманғы индустриясын дамыту, қазіргі заманғы балық аулау құралдарын өндіру.
Түркия	Балық өнімдерін сақтау, тасымалдауда сапа менеджменті жүйесін және халықаралық стандарттарды пайдалану, балық өнеркәсібін, балықшыларды, балық өңдейтін мекемелерді, фермерлік шаруашылықтарды қаржыландыруда жеңілдіктер ұсыну, теңіз өнімдерін, балықтарды сатуға көмектесуді ұйымдастыру, жаңадан келген қызметкерлерді балық аулау өнеріне, балық аулау өнеркәсібі дағдыларын оқыту, институттармен, ғылыми-зерттеу орталықтармен, ғалымдармен тығыз өзара қарым-қатынас орнату.
Ескерту. Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [4, 5, 7]	

Норвегия, Дания, Швейцарияда балық өндіретін кәсіпорындарға мемлекет тарапынан қаржылық қолдау көрсетеді: субсидия, субвенция, лизинг, ұзақ мерзімді жеңілдікпен несиелендіру, тәуекелдерді сақтандыру.

Балық өнеркәсібі экспорттарының әлемдегі экспорттық құнының жартысы 10 жетекші елдердің үлесінде.

Қазіргі уақытта кейбір елдер балық өнімінің жеке түрлерінің экспортын дамыту деңгейін көтеруде. Қытай, Норвегия, Тайланд, Жапония – халықаралық нарықтағы балық өнімінің ең ірі жетекші экспорттары. Норвегия семганы, шаян тәріздес, ласось, консервілер, моллюскілерді, балық ұнын, балық майын және басқа да балық өнімдерін экспорттайды. Қазақстанның балық шаруашылығының су қоры және балықты өсіруді қарқынды дамыту үшін жағымды жағдайлар жасалған.

2017 жылдың 1 қыркүйегінде Евразиялық экономикалық комиссияның «Балық және банк өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті енгізілді. Бұл регламент 2019 жылы 1 наурызда күшіне енеді. Ол балықты өндіру, сақтау және өткізу процесін реттейді.

Қазақстаннан экспортталатын негізгі теңіз өнімдері болып: балық филесі және балықтың басқа да еттері (67%), мұздатылған балық (27%), кептірілген, тұздалған, ыстық және салқын түрінде ысталған балықтар және т.б. (5%), моллюскілер (1%).

Жақын және алыс шетелдерден экспорт бойынша саудалық байланыс дамуда, соның ішінде: Литва, Германия, Дания, Ресей, Польша, Канада, Қытай, Өзбекстан, Түркия, Украина. Қазақстан балық және шаянтәріздес балықтар мен теңіз, көл, өзен өнімдерінің импорты бойынша негізгі сауда серіктес-елдері болып Норвегия, Ресей, Вьетнам, Исландия, Қытай, Эстония, Беларусь, Түркия, Марокко, Үнді елдері табылады. 2015 жылдың «Kaznex Invest» АҚ-ның мәліметтері бойынша балық өнімдерінің импортталуы: Норвегияға – 20,7 млн USD, Ресейге – 15,0 млн USD, Вьетнам – 2,1 млн USD, қалғандарына – 0,8-1,1 млн USD, Исландия, Қытай, Эстония, Беларусь, Түркия, Марокко, Үнді жатады.

Қазақстандық көксеркенің 60%-ы Европа нарықтарына жіберіледі. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі көрсеткендей, 2010-2015 жж.аралығында 43 мың т. балық еті 370,442 мың USD экспортталған [11]. Балық өнімдері Канада, АҚШ, Қытай, Чехия, Түркия, Жаңа Зеландия және Сейшел аралдарына жіберілген.

Жаңа ауланған және салқындалған балықты Қазақстан 2013 жылы тек Өзбекстанға ғана шығарылады. Көршілес республика осы уақыт аралығында 540 мың USD соммасында 1 мың т. қабылдаған. 2010-2015 жж. балық өнімдерінің экспорты 404, 717 мың USD құрады.

Елдің балық өндіретін өнеркәсібі жеткілікті деңгейде дамуда және экспортқа бағытталған. Өнімнің негізгі бөлігі нарыққа өңделген және тасымалдауға қолайлы етіп жеткізіледі. Соңғы жылдары теңіз өнімдеріне, жаңа ауланған балықтарға, балық өнімдеріне тұтынушылар сұранысы біршама өскен. Қазақстан тұрғындары балық және балық консервілерін жылына шамамен 110 мың теңге тұтынады, оның ішінде 60 мың т. немесе 54% импортты құрайды.

Қазақстан үшін ең ірі әлеуетті нарық ретінде көрші Қытай елі болып табылады. Дүниежүзінде ең ірі балық тұтынушысы Қытай, ол әлемдік көлемде 36% алады. Бекіре – Қазақстанның ұлттық байлығы. Қазіргі кезде балық шаруашылығының негізін балықтардың 50 түрі құрайды, олардың ішінде коммерциялық тұрғыдан қарағанда құнды болып бекіре, көскерке, сазан, амурдың ақмарқасы табылады.

Қазақстандық балықшылар мен өңдеушілерді мемлекет қолдау көрсетпесе ресей және беларус кәсіпорындарымен бәсекелестікке түсе алмайды. Нарыққа әкелінетін импорттық балық отандық балықтан арзанырақ. Отандық балық шаруашылығын дамытудың жағымсыз факторлары – балықты өсіру және бағу шығындары, су мен электроэнергияға кететін шығындардың жоғары болуы.

Тиімді және бәсекеге қабілетті өндіріс құру үшін құрылымдық, технологиялық, техникалық қайта құрылуын және дамуын, техникалық деңгейдің сапалы өсуін, штізаттың қысқармауын қамтамасыз ететін жаңа прогрессивті технологиялар енгізу қажет және бәсекеге қабілетті өнім шығару қазіргі жағдайдың талабы.

Айта кететін жағдай, отандық нарықтағы балық тауарларына сұраныс келесі факторлармен анықталады: елдің жалпы экономикалық жағдайы – инфляция деңгейі, тұрғындардың төлемқабілеттілік сұранысы, өндірістің құлдырауы, жұмыссыздық, ауыл шаруашылық жағдайы және агроөнеркәсіптік кешеннің саласы, азық-түлік өнімдерінің экспорты, импорты, сату, сақтауды ұйымдастыру, балық, теңіз өнімдерінің жеткізу бойынша тарифтері, балық тауарларын ауыстыратын азық-түлік тағамдарының

## Рынок продовольственной продукции

бәсекеге қабілеттілігі, өңделетін балық өнімінің көлемі, ассортименті, сапасы.

Балық саласының негізгі мәселесі шикізатты экспорттау, яғни негізінен балықтың жаңа мұздатылған және өңделмеген түрін экспорттау. Экологиялық апаттар мен адамдардың антропогендік әсерлері ішкі су қоймаларындағы табиғи көбею мүмкіншіліктерін және балық саласының шикізат базасын қысқартуға әкеліп соқтырды. Сондықтан да ауыл шаруашылығы саласын, соның ішінде балық саласын дамыту үшін мемлекет жыл сайын қадағалап, қомақты қаржы салуы қажет.

Балық өндіру жоспарының орындалуын талдаудың негізгі құралы болып балық аулаудың және қабылдаудың, басқа да су биоресурстарын өндіру және балық өнімі өндірісінің статистикалық есебі табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің статистикасы бойынша комитеттің мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасының 2012-2016 жж. аралығындағы балық шаруашылығы және аквамәдениетінің өнімінің көлемі келесідей (2-кесте).

2-кесте – Қазақстан Республикасының 2012-2016 жж. аралығындағы балық шаруашылығы мен аквамәдениеті өнімінің көлемі (қызметтері)

Қазақстан Республикасы	Жылдар					Өзгеруі (+,-)
	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	
	4297671	4430691	5234020	6164379	6738429	2440758
Ақмола облысы	109271	110692	119125	126832	139369	30098
Ақтөбе облысы	36429	56417	33839	44814	37168	739
Алматы облысы	767277	841164	647143	742450	771025	3748
Атырау облысы	1044098	1266566	1254141	1456930	1357097	312999
Батыс Қазақстан облысы	37297	16116	31695	24578	51385	14088
Жамбыл облысы	123661	133540	196095	356081	472016	348355
Қарағанды облысы	222350	147489	186813	233269	213837	-8513
Қостанай облысы	32243	22975	113065	29501	52025	19782
Қызылорда облысы	686479	316787	461313	639340	924137	237658
Маңғыстау облысы	63826	247520	314958	453321	420983	357157
Оңтүстік Қазақстан облысы	348737	598902	739137	1007396	1087876	739139
Павлодар облысы	34984	68041	147384	155349	218510	183526
Солтүстік Қазақстан облысы	125126	146210	187842	232304	263137	138011
Шығыс Қазақстан облысы	649884	442264	781866	643514	729864	79980
Астана қаласы	-	-	-	-	-	-
Алматы қаласы	16009	16008	19604	18700	-	-16009

Ескерту. Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [3, 6, 7].

Кестеден көріп отырғандай, Қазақстанның балық шаруашылығы мен аквамәдениетінің өнімі 2012-2016 жж. аралығында 1,5 есе көбейген, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстары жоғарғы көрсеткішке ие, ең төменгі көрсеткіш Қарағанды облысында.

Республиканың ішкі нарығының ашықтығы, отандық өндірушілер өнімдерінің қымбаттығы және бәсекеге қабілетсіздігі балық тауарларын нарыққа бақылаусыз әкелуге соқтырды. Көтерме желісіндегі тауарларды өткізумен байланысты мәселелер отандық балық шаруашылығы кәсіпорындарының жұмысына әсер етті, соның нәтижесінде балық тауар өндірісінің айналым мерзімі біршама қысқарды. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің статистика бойынша коми-

тетінің деректеріне сүйенсек, дайын және консервіленген балық өндірісі үлесінің көп бөлігі Қазақстанның қалаларында шоғырландырылған. Ол соңғы жылдары балық зауыттары мен теңіз өнімдерін өңдеу кәсіпорындарының қалаларда салынумен түсіндіріледі.

Балық саласы – экономика секторының маңызды бөлігі. Қазірде Қазақстанда 128 балық комбинаты мен балық өңдейтін кәсіпорындар бар. Соңғы жылдары балық өңдейтін кәсіпорындар саны өсті және олардың экспорттық әлеуеті жоғарылады, себебі балық ресурстарын пайдаланушыларға су қоймаларын ұзақ мерзімге бергендігі ықпал етті.

Балық шаруашылығының негізгі балық өңдейтін базасы Арал, Қапшағай қалаларында, Приозерный (Шығыс Қазақстан об-

лысы) ауылында орналасқан. Коммерциялық құрылымдармен құрылған аз қуатты тоңазытқыштары бар балық цехтары терең өңдеумен айналыспайды, олар тек экспортқа филе өндіреді. Қазақстандық балық сыртқы нарықта жоғары бағаланады. Өлемде бекіре уылдырығы, көксерке және табан филесіне ерекше сұраныс бар.

Ел үкіметі агроөнеркәсіп секторының әлеуеті едәуір жүзеге асырылмаған сектор екенін мойындайды. Өндірістің өсуі бюджеттің қолдауымен әр түрлі субсидиялар және субсидияланатын несиелер формасында негізделді, дегенмен ол мұқтаж адамдарға арналған, сондықтан да тиімділігі аз. Агроөнеркәсіп секторы «КазАгро Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ арқылы қаржыландырылады және олар өз кезегінде жарғылық капиталын еншілес компаниялармен біріге отырып, бағдарламалар бойынша субсидиялау мен кредит беруді іске асырады.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің маңыздылығы айтылған, себебі өндіріс саласын дамытуды қолдаудың нақты тәжірибелік әдістері туралы ақпарат жеткіліксіз. Дегенмен, еліміздің балық өнеркәсібінде келесідей мәселелер бар:

– жеке балық шаруашылығында мамандандырылған жемнің жоқтығы (қамтамасыз етілмеген);

– жеке кәсіпкерлерге балық өсіру үшін қазіргі заманғы технологиялар жөнінде ақпараттар мен кеңес беру жеткіліксіз.

Ауыл шаруашылығы қолайсыз климаты, ішкі нарықтың аз мөлшерінің және теңізге шығудың болмауы салдарынан елеулі шектеулерге тап болады.

Қазақстандық балық өнеркәсібінің әлеуетін бағалау үшін SWOT – талдау әдісін қолдану қажет. SWOT – талдаудың күшті жақтарына – балық шаруашылығы саласының артықшылықтары, әлсіз жақтарына – балық саласының кемшіліктері, мүмкіндіктеріне – нарықта балық аулау өнеркәсібінің артықшылықтарын қолдануға мүмкіндік беретін ішкі ортаның факторлары және нарықтағы балық саласының жағдайын әлсіретуі мүмкін қауіп-қатерлер факторларын қамтиды. Бұл жағдайда елдің балық аулау өнеркәсібіне қолданылатын SWOT – талдау матрицасы келесідей (3-кесте).

Қазақстандық балық өнімдерін шығарудың басым бағыттары – бекіре балықтарының уылдырығы және көксерке балығы-

ның сүбесі болып табылады (сату нарығы – Еуропалық одақ елдері).

Сонымен қатар, теңіз және өзен балықтарын өндірумен қатар тауарлы балықты, әсіресе коммерциялық тұрғыдан құнды балық түрлерін дамытудың қажеттілігі бар, (бекіре, сазан, тұқы т.б.). Аквамәдениет өндірісінің көлемін дамыту қажет, сондай-ақ балық ресурстарын өндіруді ұлғайту қажет. Қазіргі уақытта қазақстандық балық өнімдерінің осы түрлері алыс және жақын шетелдердің балық нарығында бәсекеге қабілетті болып табылады.

Адамзат ұзақ жылдар бойы теңіздер мен мұхиттардың тұщы суларының биологиялық ресурстарын пайдаланады. Осылайша, балық шаруашылығының кешені көтерме және бөлшек саудада сатуға дейін шикізатты барлау мен іздеуді, оның ішінде балық аулау, балық порттарында оны кешенді қайта өңдеу, тасымалдау және қайта тиеу сияқты технологиялық процесті қамтиды.

Инвестициялар салуға кедергілерін азайтуға ерекше назар аудару керек, мысалы, инвестицияларды қорғау бойынша әр түрлі лицензиялар мен рұқсаттар, шектеулер алу, инвесторлардың шағымдарын әділетті және тең дәрежеде қарауға байланысты шектеулер. Мемлекет тарапынан қолдаудың мынадай шараларын қарастыру қажет:

– балық аулау және балық өңдеу кәсіпорындары үшін техника мен жабдықтарды лизингке жеңілдік шарттарымен бағдарламалар әзірлеу;

– халықаралық талаптарға сәйкес сапа және сертификаттау стандарттарын келтіру;

– қоғамдық тамақтану мекемелерінде «балық күнін» енгізу және бекіту;

– балық кластерінің дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету мүмкіндігін қарастыру;

– балық өнеркәсібі кәсіпорындарында өндірісті жаңғыртуды несиелендіруде жеңілдіктер беру және субсидиялау;

– теңіз және өзен флотын жаңарту;

– табиғи және жасанды су қоймаларында балықты тауарлық көбейтуді дамыту және қолдау;

– құнды балық түрлерін өсіретін жаңа балық фермаларын салу;

– балық өнеркәсібі кәсіпорындары үшін жаңа технологиялық жабдықтарды әкелуде баждарды алып тастау;

– отандық нарықта жоқ кеме жабдықтары мен материалдарын импортталған кезде тарифтерден, қосымша құн салығынан босату;

## Рынок продовольственной продукции

- |                                                                                                                      |                                                                                                           |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>– балық бассейндерінде экологиялық жағдайды жақсарту бойынша экологиялық бағдарламаларды әзірлеу және енгізу;</p> | <p>– өзендер мен тоғандардың түбін тереңдету және тазарту бойынша мемлекет тарапынан шаралар әзірлеу.</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|

3-кесте. Қазақстан Республикасындағы балық өнеркәсібін SWOT – талдау

<b>Әлеуетті ішкі күшті жақтары</b>	<b>Әлеуетті ішкі әлсіз жақтары</b>
<p>Баға артықшылығы (шикізатты өндіру және сату кезінде). Өнеркәсіпті бастапқы қалпына келтіру үшін қажетті өндірістік нысандардың болуы. Тұтынушылық сұранысты түсіну. Өнеркәсіпті бюджеттік қаржыландыру мүмкіндігі. Балық өнеркәсібіндегі танылған көшбасшының болуы («Атыраубалық» АҚ). Ауыл шаруашылық өнімдерін сатуға арналған көтерме сауда нарықтарының немесе балық сатуға арналған мамандандырылған дүкендердің ашылуы мен даму мүмкіндіктері. Сапасы мен бағасы бойынша бәсекеге қабілетті кейбір балық өнімдерінің түрлерін өндіру.</p>	<p>Ескірген технологиялар мен жабдықтар. Заманауи флоттың болмауы. Балық өнімдерінің қайта өңдеудің жоғары өзіндік құны. Сапа стандарттарының халықаралық талаптарға сәйкес келмеуі. Ел ішіндегі балық өнімдерін бөлу және өткізудің әлсіз желісі. Балық өнеркәсібіндегі нақты айқындалған стратегияның жоқтығы, оны жүзеге асырудағы сәйкессіздік. Негізгі балық аулау бассейндерінде экологиялық жағдайға байланысты аулауды азайту. Балық өнеркәсібін жаңғырту үшін қаржы ресурстарының қол жетімсіздігі және жеткіліксіздігі. Халықаралық сапа стандарттарының сертификатына ие отандық балық қайта өңдеу кәсіпорындарының төменгі үлесі. Браконьерлік балық аулау. Инновациялық технологияларды жеткіліксіз енгізу. Балық шаруашылығындағы маркетинг пен менеджменттің төмен деңгейі. Отандық балық өнімдері брендінің жоқтығы.</p>
<b>SWOT</b>	
<b>Әлеуетті сыртқы қолайлы мүмкіндіктер</b>	<b>Әлеуетті сыртқы қауіп-қатерлер</b>
<p>Экспорттық әлеуетті арттыру мүмкіндігі. Шығарылған балық өнімдерінің ауқымын кеңейту. Сыртқы нарыққа шығу кезіндегі сауда кедергілерінің төмендеуі. Халықтың табыс деңгейінің өсуі. Сыртқы нарықта балық өнімдеріне сұраныстың жоғарылауы. Балық өнеркәсібінде қолданылатын технологиялар мен құрал-жабдықтардың импортына салынатын баждың болмауы. Азия және Еуропа елдеріндегі балық өнімдеріне тұрақты сұраныстың болуы.</p>	<p>Балық ауланатын өзендер мен теңіздердің экологиялық жағдайының нашарлауы. Ірі экспорттаушылар тарапынан сату көлемінің ұлғаюы. Өңделген балық өнімдері құнының төмендігі. Балық өнімдерінің төменгі бағамен шетелдік бәсекелестердің пайда болуы (негізінен мемлекеттің қолдауымен ынталандыру арқылы). Балық өнімдерінің әлемдік нарықтағы бәсекелестігін қатаюы (мысалы, дамушы елдердің үлесін ұлғайту арқылы). Валюта бағамдарының жағымсыз өзгеруі. Сатып алушылардың талаптарының күшеюі, сапа стандарттарының қатаюы. Бағаларды заңнамалық реттеуі.</p>
Ескерту. Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [3, 4].	

Бұл шаралар балық шаруашылығының экспорттық әлеуетін мақсатты түрде дамытуды көздейді. Балық өнеркәсібінің даму саясатының негізгі бағыттары: өндірісті қаржылық сауықтыруды қамтамасыз ету, өндірістік қызметтің тәуекелдерін азайту, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, инвестициялық қызметті жандандыру, соның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті ынталандыру, балық шаруашылығындағы инвестициялық климатты жақсарту, негізгі және қосалқы құрылымдардың балық аулау флоты мен құрлық объектілерінің құрылыстарын қаржыландыруға тікелей мемлекеттің қатысуы, ескірген құралдарды пайдаланудан шығару негізінде ынталандыру механизмдерін енгізу,

өндірістік қуаттарды техникалық жаңғырту, жаңа балық шаруашылығын құру, фермерлік балық шаруашылығын дамыту бойынша іске асыру кешендік шаралары. Балық шаруашылығын дамыту елдің экономикалық талаптары анықталған шешу жолдары мен мерзімдері бойынша алға қойылған міндеттердің мақсатты орындалуына байланысты.

**Тұжырымдар.** Жоғарыда келтірілген нәтижелерді қорытындылай келе, келесідей қорытындылар мен ұсыныстар жасауға болады: балық саласының экспорттық әлеуетін дамыту үшін әр елдің балық өңдейтін кәсіпорындарының бизнесті дамытудағы тәжірибесін қарастыру қажет, заңсыз балық аулауды қатаң бақылауға



алу, шетелдерге су биоресурстарын бақылаусыз шығармау, судың биологиялық ресурстарын қолдану тиімділігін арттыру, ішкі және сыртқы нарықтарда дайын балық өнімдерінің бәсекегеқабілеттілігін көтеру, әкімшілік кедергілерді жою, дағдарыс кезінде балық өңдейтін шаруашылықтарға шұғыл шаралар қолдану, ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталған жоғары технологиялық өндірісті жаңарту бойынша мақсатты бағытталған бағдарламалар енгізу, балық өңдейтін кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ету, дайын балық өнімдерін өткізуді қамтамасыздандыру.

Қайта өңдеу өнеркәсібін дамытудың негізгі мақсаты өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендету болып табылады. Дегенмен, мемлекет балық өңдеу салаларын дамыту үшін жағдай жасауы тиіс, яғни болашақта мемлекеттің қолдауынсыз бәсекеге қабілетті кәсіпорындар ретінде жоғары деңгейде болуы қажет.

### Әдебиеттер тізімі

1 Национальный интернет-портал Kaz Agro // [Электронный ресурс]. – 2018.-URL: <http://www.kazagro.kz/leadership> (дата обращения: 03.05.2018).

2 Асонкова А.В., Чунина А.Е. Экономический анализ предприятий рыбной промышленности: учеб. пособие. – М.: – Моркнига, 2016. – 222 с.

3 Рыбная промышленность РК наращивает обороты [Электронный ресурс] // Kursiv. – 2018.- URL: <https://www.kursiv.kz/news/industry/rybnaa-promyslennost-rk-narasivaet-oboroty/> (дата обращения: 04.04.2018).

4 Ниязбекова Ш.У. Место и роль государства в экономической безопасности страны. Учетно-аналитическое обеспечение - информационная основа экономической безопасности хозяйствующих субъектов // Межвузовский сборник научных трудов и результатов совместных научно-исследовательских проектов в 2-х частях.- М., 2017.- С. 256-260.

5 Таиров М.Т. Рыбоводство и рыболовство. – Алма-Ата: Кайнар, 1985. – 344 с.

6 Ганич Я.В., Клиппенштейн Е., Мищенко Н., Морозова Ю. Стратегическое управление в рыбной отрасли.-М.: Моркнига, 2014.- 309 с.

7 Статистика сельского, лесного, охотничьего и рыбного хозяйства [Электронный ре-

сурс] // Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан.-2018.–URL: <http://stat.gov.kz/> (дата обращения: 03.05.2018).

8 Развитие агропромышленного комплекса Республики Казахстан. Ш.А. Смагулова, Г.Ж. Доскеева, Н.М. Радько //Проблемы агрорынка.-2015.-N3.-С. 14-20.

### Әдебиеттер тізімі

1 Nacional'nyj internet-portal KazAgro// [Jelektronnyj resurs]. – 2018.-URL: <http://www.kazagro.kz/leadership> (data obrashhenija: 03.05.2018).

2 Asonkova A.V., Chunina A.E. Jekonomicheskij analiz predpriyatij rybnoj promyshlennosti: ucheb. posobie,. – М.: – Morkniga, 2016. – 222 s.

3 Rybnaja promyshlennost' RK narashivaet oboroty [Jelektronnyj resurs] // Kursiv. – 2018.- URL: <https://www.kursiv.kz/news/industry/rybnaa-promyslennost-rk-narasivaet-oboroty/> (data obrashhenija: 04.04.2018).

4 Nijazbekova Sh.U. Mesto i rol' gosudarstva v jekonomicheskoy bezopasnosti strany. Uchetno-analiticheskoe obespechenie - informacionnaja osnova jekonomicheskoy bezopasnosti hozjajstvujushhih sub#ektov. //Mezhvuzovskij sbornik nauchnyh trudov i rezul'tatov sovmestnyh nauchno-issledovatel'skih projektov v 2-h chastjah.- М., 2017.- S. 256-260.

5 Tairov M. T. Rybovodstvo i rybolovstvo. – Alma-Ata: Kajnar, 1985. – 344 s.

6 Ganich Ja.V., Klippenshtejn E., Mishhenko N., Morozova Ju. Strategicheskoe upravlenie v rybnoj otrasli. – М.: Morkniga, 2014. – 309 с.

7 Statistika sel'skogo, lesnogo, ohotnich'ego i rybnogo hozjajstva. [Jelektronnyj resurs] // Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan.- 2018.–URL: <http://stat.gov.kz/> (data obrashhenija: 03.05.2018).

8 Razvitie agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazahstan. Sh.A. Smagulova, G.Zh. Doskeeva, N.M. Rad'ko //Problemy agrorynka.- 2015.-N3.-S. 14-20.





## Развитие кооперации, рынок средств производства

Ауыл шаруашылық кооперативтерінің негізгі артықшылықтары мен қызмет етуі бойынша ерекшеліктері анықталды. Жамбыл облысында ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері атқарған жұмыстарға шолу жасалды, ауыл шаруашылық кооперативтерді мемлекеттік қолдаудың құралдары туралы, олардың тиімділігі туралы баяндалды. Жамбыл облысында шағын шаруашылық жүргізу формаларының кооперативке біріктіру бойынша дайындалған құру механизмі көрсетіліп, шағын шаруашылық жүргізу формаларының әр түрлі ауыл шаруашылық кооперативіне бірігуі ғылыми негізделіп, әр үлгі бойынша оңтайлы параметрлері есептелген.


Зерттеу процесінде әр түрлі әдістер қолданылды: экономикалық анализде, ҚР-дағы ауыл шаруашылық кооперативтерінің даму қарқынын зерттегенде - экономика-статикалық, кооперациялау процесінің негативтік және позитивтік қарқынын анықтағанда абстракты-логикалық әдістер қолданылды.

### Нәтижелер және оларды талқылау.

Қазақстан Республикасы АӨК-де өзекті проблемалық мәселелердің бірі болып өндірістің майда тауарлы сипаты саналады, ол ауыл шаруашылығының жалпы


өнімінде шаруашылық жүргізудің шағын формаларының үлесі жоғары болуымен (1-сурет), атап айтқанда Жамбыл облысында (2-сурет), ауыл шаруашылық құрылымдарының жалпы санының, олардың жер үлестерінің төмен үрдістерімен түсіндіріледі (3-сурет). Шағын шаруашылық жүргізу формаларының прогрессивті технологиялар мен егін айналымын сақтамауы жер ресурстарын тиімсіз қолдануға әкеледі.

Өндірілген өнімді қайта өңдеу кәсіпорындарына жеткізу, өткізу, сақтау проблемалары туындайды. Соның салдарынан өнімді өндірушіден тұтынушыға дейінгі аралықта шаруашылықтан арзан бағамен сатып алып, жоғары бағамен сататын, олардың пайдасына кенелетін көптеген делдалдардың пайда болуы туындайды. Тауар өндіруші мен қайта өңдеу кәсіпорындарының арасындағы экономикалық байланыстың нашарлығы ауыл шаруашылық өнімнің төмен қайта өңдеу үлесіне және АӨК қайта өңдеу кәсіпорындарының қуаттылығының төмендеуіне әкелді (4-сурет). Сонымен қатар ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің жеміс-көкөніс өнімінің өндірушіден тұтынушыға дейін айтарлықтай жоғалтуы байқалады (5-сурет).




1-сурет – 2017 ж. ҚР-да шағын шаруа қожалықтардың жалпы ауыл шаруашылығы өнім өндірісіндегі үлесі, %

## Развитие кооперации, рынок средств производства




2-сурет – 2017 ж. Жамбыл облысында шағын шаруа қожалықтардың жалпы ауыл шаруашылығы өнім өндірісіндегі үлесі, %




3-сурет – ҚР-да шағын шаруа қожалықтардың жалпы ауыл шаруашылығы жер көлеміндегі үлесі, %

## Развитие кооперации, рынок средств производства



4-сурет – Жеміс-көкөніс өнімін өндірушіден тұтынушыға дейін жеткізу тізбегі



5-сурет – Жеміс-көкөніс өнімінің өндірушіден тұтынушыға дейін жоғалтуы

Көптеген шағын қожалықтар үшін субсидиялау, жеңілдетілген несиелендіру мемлекеттік қолдау шараларына қолы жетпейді, себебі олар қойылатын талаптарға сәйкес емес (егілген өнім көлемі, мал санының көлемі және т.б. бойынша) кепілдік мүліктері де жоқ және т.б. Шағын және орта кәсіпкерліктері субъектілерінің табыс деңгейі төмен, сондықтан ауылдағы бизнесті дамытуға алғашқы капитал мен қамтамасыз ете алмайды.

АӨК-дегі осы проблемалар шаруашылық жүргізудің шағын формаларын, олардың мүдделерін қорғау, өндірісті бірлесе ұйымдастыру, өндірілген өнімді өткізу, оны алғашқы ұқсату, негізгі өндіріс құралдарымен қамтамасыз ету (ЖЖМ, тұқым, тыңайтқыш және т.б.), ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге техникалық қызмет көрсету мақсатында ауыл шаруашылық кооперативтеріне біріктірудің қажет екенін негіздейді.

## Развитие кооперации, рынок средств производства

Жоғарыда көрсетілген қалыптасқан жағдайды талдай келе Жамбыл облысында және республикада ауыл шаруашылық кооперациясы дамуының ұйымдық-экономикалық негіздемесі анықталды:

– шағын шаруашылық жүргізу формаларының мәселелерін (ЖЖМ, тұқым, тыңайтқыш және т.б. сатып алуға қаржының тапшылығы, мемлекеттік қолдаудың жетіспеушілігі және т.б.) шешу қажеттілігі;

– өндірушілермен, шикізатты қайта өңдеушілермен, жеткізушілер мен сауда жүйесі және делдалдармен экономикалық қарым-қатынастың жетілмеуі;

– өнім өндірудің көлемін алға тартпайтын, салған шығынды жаппайтын төмен сатып алу бағасы;

– импортқа қарағанда ауыл шаруашылық шикізатының бәсекеге қабілетсіз төмен сапасы;

– ауыл шаруашылық өнімін жеткізу, сақтау, алғашқы және терең қайта өңдеу мен сатып алудың дамымағандығы.

Ауыл шаруашылық кооперативтерін дамытудың басымдылығы соңғы жылдары қабылданған бағдарламалық құжаттармен анықталады (Агробизнес-2020, Стратегия-

2050 және т.б.). Президенттің Қазақстан халқына 2014 жылдың 17-қаңтарындағы Жолдауында мемлекет басшысы Н.Назарбаев «ауыл шаруашылығындағы бизнесті дамытуға, фермерлікті кооперациялау процесіне кедергі келтіретін барлық барьерлерді жою керек екенін» атап көрсетті [1]. 2016 ж. 1 қаңтарынан бастап ҚР-ның жаңа бірыңғай Заңы – «Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы» [2] іске қосылды (ҚР Мәжіліс Парламенті 2015 ж. 29-қазанында қабылданған).

Осы Заңға байланысты қолданыстағы келесідей ҚР-ның Заңдары пайдаланудан тоқтатылады: «ҚР ауылдық тұтыну кооперациясы туралы» [3] (1999 ж. 21 шілде), «Ауыл шаруашылық серіктестіктер және олардың ассоциациялары (одақтары) туралы» [4] (2000 ж. 25 желтоқсан), «Су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтері туралы» [5] (2003 ж. 8-сәуір). Ауыл шаруашылық кооперациясының осы түрлері (АШК, СПАТК) тиісінше заңдарына сәйкес жою процедурасынан (реттемелеу) немесе қайта тіркеуден өтуге міндетті (6-сурет).



6-сурет – Ауыл шаруашылық кооперациясына байланысты ҚР Заңдары

«Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы» ҚР Заңындағы негізгі жаңа ережелерге бұрынғы қолданыстағы заңдардан айырмашылығына мыналар жатады:

– ауыл шаруашылық кооперациясының негізгі формалары «ауылшаруашылық кооперативтері» деген заңды тұлғалар дербес тобына біріктірілген және бірыңғай түсінік берілген. Олардың шаруашылық жүр-

гізудің басқа формаларынан айырмашылығы бар, атап айтқанда – өндірісті ұйымдастырудың ерекше формасымен, оның мүшелерінің, мүліктік жарналарын өз еріктерімен біріктіру жолымен олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің өздерінің пайдасын қамтамасыз етуге бағытталған;

– ҚР Азаматтық кодексіне [6] ауыл шаруашылық кооперативтері коммерциялық ұйым ретінде бекітіліп, осыған байланысты таза табыс кооператив мүшелері арасында, олардың өндірістік және шаруашылық қызметте қатынасу үлесіне сәйкес (пропорциональды түрде) бөлуге құқық мүмкіндігі бар деген қосымша енгізу.

– ауыл шаруашылық кооперативтеріне арнайы салық режимі енгізіліп, бірнеше салық түріне (кооперативтік табыс салығы, ҚҚС, көлік салығы, жер салығы және мүлік салығы) 70 пайыз жеңілдік қарастырылды, ауыл шаруашылық кооперативтерінің қызмет ету саласы кеңейтілді, АСР қолдануға шектеулер алынып тасталды, ауыл шаруашылық кооперативінің мүшелері құрамы кеңейтілді [7];

– ауыл шаруашылық кооперативтерін құруда мемлекеттің рөлі анықталды және жергілікті басқару органдарының ауыл шаруашылық кооперативтерін құруды ынталандыру, ақпараттық-консультативтік, методологиялық көмек көрсету, кадр даярлау, ғылыми зерттеулер жүргізу, кооператив мүшелеріне сауда орындарымен көмек көрсету құзыреттері бекітілді.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрылуы мен қызметінің негізгі мақсаттары:

– кооператив мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру және олардың мүдделерін қорғау;

– кооператив мүшелерінің кірістерін арттыру;

– ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, қайта өңдеу, өткізу, сақтау, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау салаларында бәсекелестік ортаны құру;

– инфрақұрылымды дамыту және ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушіден тұтынушыға тікелей беруді қамтамасыз ету;

– кооператив мүшелерінің қажетті ресурстарды тиімді шарттар бойынша сатып алуына жәрдемдесу және өздерінің өндірістік және өзге де шаруашылық қызметін қаржыландыруға қол жеткізе алу болып табылады.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрылуы мен қызметінің негізгі қағидаттары:

– ауыл шаруашылығы кооперативіне кірудің және одан шығудың еріктілігі, Заңның және ауыл шаруашылығы кооперативі жарғысының талаптарына сәйкес келетін кез келген тұлғалардың кіру мүмкіндігі;

– кооперативтің қауымдасқан мүшелерін қоспағанда, кооператив мүшелерінің тең құқықтылығына негізделген басқарудың демократиялылығы: мүлік (пай) жарналарының мөлшері мен санына қарамастан бір мүше – бір дауыс;

– ауыл шаруашылығы кооперативін басқару органдарының сайланбалылығы және оның мүшелерінің жалпы жиналысына есеп беріп отыруы;

– ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дербестігі және қызметінің тәуелсіздігі;

– ауыл шаруашылығы кооперативінің өз мүшелеріне тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өзіндік құны бойынша сатуы;

– өзара көмек және кооператив мүшелері үшін экономикалық пайданы қамтамасыз ету;

– ауыл шаруашылығы кооперативінің, ауыл шаруашылығы кооперативтері қауымдастығының (одағының) қызметі туралы ақпаратқа олардың барлық мүшелерінің қолжетімділігі болып табылады.

Шағын шаруашылық жүргізу формаларының ауыл шаруашылық кооперативтеріне бірігуінің артықшылықтары келесідей болып табылады:

– кооператив мүшелері ауыл шаруашылық өткізу, қайта өңдеу және т.б. қызмет көрсету кооперативіне кіргенде өздерінің заңды және экономикалық тәуелсіздігін сақтайды, яғни өз жерінің, өндірген өнімінің және ауыл шаруашылық техникасының иесі болып қала береді;

– ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің өндірген өнімінің өткізілуіне деген кепілділік (делдалсыз қайта өңдеу кәсіпорындарына немесе тікелей нарыққа);

– шаруа қожалықтарының тасымалдау, қайта өңдеуге дейін шикізатты жеткізу немесе дайын өнімді нарыққа шығару бойынша шығындардың азаюы;

– шаруашылықтардың механикаландандырылған қызметтерге ішкі шаруашылық тарифтердің болуына байланысты шығындарын азайту;

– ұйымдық-экономикалық шешімдер қабылдауда жалпы жиналыста дауыс беру құқығының болуы, кооператив мүшелерінің мүддесінің қорғалуы;

– кооператив қызметкерлерінен тегін ақпараттық-консультативтік көмек алу;

– шағын шаруашылық жүргізу формаларына мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігі;

– тұрақты жұмыспен қамтылу (тұрақты және қосымша жұмыспен).



«Қазақ АӨК экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ҒЗИ» ЖШС жұмыс тобымен «Жамбыл облысындағы шаруашылық жүргізудің шағын формаларын ауыл шаруашылық кооперативтеріне біріктіру бойынша пилоттық жобаларды іске асыру және ғылыми сүйемелдеу» қызметін мемлекеттік сатып алулар бойынша 2016-2017 жылдардағы «Жамбыл облысы әкімшілігінің ауыл шаруашылығы басқармасы» МКМ-мен келісімшарт Жобасы аясында Жамбыл облысы аудандарында келесідей жұмыстар атқарылды:

– шаруашылық жүргізудің шағын формалары арасында кооператив құрудың артықшылықтары туралы, ҚР жаңа «Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы» Заңының және ҚР «Ауыл шаруашылық кооперативтеріне байланысты кейбір заңдылық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 29.10.2015 Заңының негізгі ережелері туралы, ауыл шаруашылық кооперативтеріне және кооператив мүшелеріне арналған мемлекеттік қолдаулар туралы (арнайы салық режимі, өнімді қайта өңдеу технологиялық құралдарына ауыл шаруашылық техникасына инвестициялық субсидия беру туралы және т.б.), ҚР «Жер кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 02.11.2015 Заңының жер реформалары, сонымен қатар Шу, Қордай, Байзақ, Жуалы, Мерке, Рысқұлов, Жамбыл аудандарының ауылдық округтерінде жер мәселелері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді;

– ауыл шаруашылық өндірістік кооперативінің қатынасушылары анықталды, өсімдік және мал шаруашылықтары салаларында жерді, ауыл шаруашылық техникасын, кооператив объектілерін (көкөніс сақтау қоймасы, мал бордақылау кешенін, сүт қабылдау пунктін, сүтті қайта өңдеу мини цехын, мал сою алаңын) бірлесіп қолдану және негізгі құралдармен қамтамасыз ету (тұқым, тыңайтқыш, ЖЖМ және т.б.) бойынша ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің пилоттық 80-ге тарта ауыл шаруашылық кооперативке бірігу жобалары ғылыми негізделді;

– құрылған пилоттық жобаларға ғылыми-негізделген ауыл шаруашылық кооперативтерінің оптималды параметрлері берілді, оның ішіне, әр кооператив мүшесінің егін алқабын орналастыру картасы және құрамы; мал басының және жердің кадастрлік құнының үлес салмағы, мал айналымы, өнім бірлігіне және 1 бас малға кететін өндірістік шығындар есебі, 1 га ауыл шаруашылық дақылының өндірістік

шығындары, шаруашылық бойынша және кооперативке біріккеннен кейінгі дақыл бойынша экономикалық тиімділігі, несиеге немесе лизингқа алынатын техниканың әр мүшенің үлес салмағына байланысты сомасын қайтару механизмі және ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі мүшелерінің арасында таза пайданы бөлу механизмі есептелді;

– құрылтай құжаттары дайындалды (кооператив мүшелерінің құқықтық және экономикалық қарым-қатынасын белгілейтін Жарғы, құрылтай келісім-шарты және т.б.) және көрсетілген пилоттық жобаларды әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткізу жұмысы жасалды.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі ретінде 2016-2017 жылдары Жамбыл облысында әр түрлі бағытта (ауыл шаруашылық өнімін өндіру бойынша, мал бордақылау және сою бойынша, сүтті бастапқы өңдеу бойынша, ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін негізгі құралдармен қамтамасыз ету және сервистік қызмет көрсету бойынша және т.б.) 80 ауыл шаруашылық кооперативтері құрылды.

Жамбыл облысында барлығы 181 ауыл шаруашылық кооперативтері құрылған, оның ішінде 55 ауыл шаруашылық кооперативі жеке үй шаруашылықтарының бірігуі арқылы құрылса, қалған 126 ауыл шаруашылық кооперативі шаруа қожалықтарының бірігуі арқылы қызмет етуде. Бүгінгі күні Жамбыл облысы бойынша жеке үй шаруашылықтарының бірігуі арқылы құрылған 55 ауыл шаруашылығы кооперативтері жұмыс істеуде, оған 1148 мүше тіркелген. 2017 жылы 50,5 млн теңгенің өнімі өндіріліп, 154,9 млн теңгенің қызметі көрсетілді. Оның ішінде 48 ауыл шаруашылығы кооперативі 2017 жылы құрылған. 11 кооператив 805,8 млн теңгеге 2867 МІҚ аналық бас, 9 кооператив 902,9 млн теңгеге бордақылау алаңына 4439 бас МІҚ малын сатып алды. Алдағы уақытта жұмыс істеп тұрған кооперативтердің жұмысын ұйымдастыру және жүктемелігін қамтамасыз ету үшін (өндіріс көлемін ұлғайту) әрбір ауыл шаруашылығы кооперативі бойынша нақты іс-шаралар жоспары дайындалуда.

**Тұжырымдар.** 2018 жылы аталған бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында республикалық бюджеттен 2,1 млрд қарастырылып, оның 1,2 млрд теңге «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 254 өтінім иесін несиенен қамтамасыз етуге және 844,4 млн теңге «Аграрлық несие кооперациясы» АҚ

арқылы игеріледі деп жоспарлануда. «Аграрлық несиесі кооперациясы» АҚ-на бөлінетін 844,4 млн теңгенің 50 млн теңгесін «Шу» Микро қаржы ұйымы, 200 млн теңгесін «Атамекен Тараз» микро қаржы ұйымы және қалған 594 млн теңгесін кредиттік серіктестіктер арқылы игеру жоспарлануда [8].

Жамбыл облысы және республика деңгейінде ауыл шаруашылық кооперативтерін ұйымдастыру ауылдағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына, ауыл шаруашылық тауарларының бастапқы өңдеу деңгейінің жоғарылауына және ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге сервистік қызмет сапасының артуына жаңа қарқын беруде.

Сүттің әр литрына және бордақыланған ірі қара малдың әр басына беріліп отырған субсидия, малды сатып алуға беріліп отырған жеңілдетілген пайыздық мөлшерлеменен несиесі, сонымен қатар осы ауыл шаруашылық кооперативтерге мал сою алаңына, сүт танкеріне, көкөніс сақтау қоймасына берілген инвестициялық субсидия сияқты мемлекеттік қолдау ауылдағы халықты жұмыспен қамтып, бірігіп еңбек етуге жол ашып отыр. Жоғарыдағы көрсеткіштерді талдай келе ауыл шаруашылық кооперативтерінің қызметі ету тиімді, әрі перспективті екенін негіздейді.

### Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 11 қараша 2014 ж. [Электрондық ресурс]. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.-2014.-URL: <http://www.akorda.kz/ru/addresses/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-11-noyabrya-2014-g> (қолдану мерзімі: 03.05.2018).

2 Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы» Заңы 29.10.2015ж. № 372-V3 (ред. 23.11.2016) [Электрондық ресурс]. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты.- 2016.- URL: <http://www.mgov.kz/document/5769> (қолдану мерзімі: 03.05.2018).

3 Қазақстан Республикасының «ҚР селолық тұтыну кооперациясы туралы» Заңы 21.07.1999 ж. № 450-І [Электрондық ресурс]. -1999. - URL: [http://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=51014010#pos=0;0](http://online.zakon.kz/document/?doc_id=51014010#pos=0;0) (қолдану мерзімі: 22.05.2018)

4 Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылық серіктестіктер және олардың ассоциациялары (одақтары) туралы» Заңы 25.12.2000 ж. № 133-II. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпа-

раттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс].-2000.-URL:[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000133\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000133_) (қолдану мерзімі: 22.05.2018)

5 Қазақстан Республикасының «Су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтері туралы» Заңы 08.04.2003ж. № 372-V. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]. -2003. - URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000404\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000404_) (қолдану мерзімі: 28.05.2018).

6 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 24.12.1994. № 269-XIII. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс].-1994.-URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (қолдану мерзімі: 28.05.2018).

7 Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 25.12.2017 ж. № 121-VI. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]. -2017.- URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000099\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000099_) (қолдану мерзімі: 28.05.2018)

8 Жамбыл облысының деректері [Электрондық ресурс] Жамбыл облысы әкімінің ресми сайты. – 2018.- URL: <http://www.zhambyl.gov.kz/> (қолдану мерзімі: 11.05.2018).

### Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 11 қараша 2014 ж. [Электрондық ресурс]. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.- 2014.- URL: <http://www.akorda.kz/ru/addresses/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-11-noyabrya-2014-g> (қолдану мерзімі: 03.05.2018).

2 Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы» Заңы 29.10.2015ж. № 372-VZ (ред. 23.11.2016) [Электрондық ресурс]. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты.- 2016.- URL: <http://www.mgov.kz/document/5769> (қолдану мерзімі: 03.05.2018).

3 Қазақстан Республикасының «ҚР селолық тұтыну кооперациясы туралы» Заңы 21.07.1999 ж. № 450-І [Электрондық ресурс]. -1999. - URL: [http://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=51014010#pos=0;0](http://online.zakon.kz/document/?doc_id=51014010#pos=0;0) (қолдану мерзімі: 22.05.2018)

4 Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылық серіктестіктер және олардың ассоциациялары (одақтары) туралы» Заңы 25.12.2000 ж. № 133-II. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс].-2000.- URL:[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000133\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000133_) (қолдану мерзімі: 22.05.2018)

5 Қазақстан Республикасының «Su pajdalanushylardıң ауылдық тұтыну кооперативтері туралы» Заңы 08.04.2003ж. № 372-V. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық зhiyesi [Jelektрондық resurs] .-2003. - URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000404\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000404_) (қолдану мерзими: 28.05.2018).

6 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 24.12.1994. № 269-XIII. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық зhiyesi [Jelektрондық resurs].-1994.-URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (қолдану мерзими: 28.05.2018).

7 Қазақстан Республикасының Салық және бjudzhetке төленетін басқа да mindetti төлемдер туралы (Салық кодексі) 25.12.2017 ж. № 121-VI. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық зhiyesi [Jelektрондық resurs]. - 2017.- URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000099\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000099_) (қолдану мерзими: 28.05.2018)

8 Zhambyl oblysynyң derekteri [Jelektрондық resurs] Zhambyl oblysy әкімінің resmі сайты. – 2018.- URL: // <http://www.zhambyl.gov.kz/> (қолдану мерзими: 11.05.2018).

ӨОЖ 338.436  
ҒТАМР 06.71.07

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫғыНДАғы  
КООПЕРАЦИЯНЫ ДАМУ**

**РАЗВИТИЕ КООПЕРАЦИИ В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**DEVELOPMENT OF COOPERATION IN AGRICULTURE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Д.А. КАЛДИЯРОВ**

*э.ғ.д., профессор*

**Ж.Ш. АБДЫКАЛИЕВА**

*PhD докторанты*

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті*

**Д.А. КАЛДИЯРОВ**

*д.э.н., профессор*

**Ж.Ш. АБДЫКАЛИЕВА**

*PhD докторант*

*Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова*

**D.A. KALDIYAROV**

*Dr.E.sc., Professor*

**ZH.SH. ABDYKALIEVA**

*PhD student*

*Zhetysu State university named after I.Zhansugurov*

Аңдатпа. Республикадағы ауылшаруашылық кооперациясының қазіргі жағдайы, оны тежеуші факторлары, оны мемлекеттік қолдау нысандары және даму перспективалары қарастырылған. Шаруашылықтың кішігірім формаларының жұмыс істеу мәселелері, ынтымақтастық принциптері анықталған. Тұтыну кооперативтерін құрудың шетелдік тәжірибесі Канаданың, Ұлыбританияның, Швецияның, Данияның, Норвегияның, Финляндияның мысалында келтірілген. Алматы облысының кішігірім шаруашылық субъектілерінің ынтымақтастықтығын дамытуға кедергі келтіретін факторлар көрсетілген. Қызмет кооперативтерін құру және оларды агроөнеркәсіптік кешенде кеңінен қолдану қажеттілігі туралы дәлелденді. Ауыл шаруашылық кооперативтері қызметінің еңбек нарығында кедергілерді азайтуға, тауарлар мен қызметтерді өндіру саласына ықпал ететін бағыттары анықталған. Жүргізілген зерттеулер негізінде елімізде ауылшаруашылығы кооперациясын одан әрі дамыту бойынша шаралар ұсынылды.





